



**Төлежан
АХМЕТБЕКОВ**

**СЕЗІМ
ШУАҚТАРЫ**

Төлеужан
АХМЕТБЕКОВ

СЕЗІМ
ШУАҚТАРЫ



Қарағанды — 2023

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ, СЕЗІМ ШУАҚТАРЫ.
(Лирикалық өлеңдер). 162 бет. Қарағанды.

**Жан-дүниемнің сыры мен иірімдеріне
түсіністікпен қарап, елу жыл бойы бетіме
келмей бар еркелігімді көтерген өмірлік
жарым, балаларымның анасы Сәулеге
арнаймын!**

Ақтоғай өңірінің тумасы, аймаққа танымал азамат Төлеужан Ахметбековтың бұл жыр жинағына әр жылдары сезім толқынымен жазған лирикалық өлеңдері топтастырылған. Оқылуы жеңіл өлеңдер жолданбаған хаттар ретінде, лирикалық кейіпкермен іштей тілдесу, сыр бөлісу ретінде өзгеше өрнек иеленген.

Алғысөз

Француз философы П.Мериме «Әлем кітапқа кіру үшін жаралған» депті. Жазушының ойынша, күллі дүние хатқа жазылып, тасқа басылуы шарт және сол үшін жаралған. Бұл ұстаным көне аңыздар мен жалпы жазу-сызу қағидаларына еш қайшы келмейді. Шын мәнісінде, адамның соңында істеген ісі мен ұрпағы һәм естеліктер, хатқа түскен жазуы ғана қалатыны анық қой. Қолыңыздағы жинақ та осы ұстаным үддесіне сүйене отырып жазылған, автордың ішкі сыры сынды дүние.

Кітап авторы бұдан бұрын қатарынан жарық көрген «Өмірім және көңілім», «Пейілің – жыр, сөзің – сыр...» (2020 жыл) атты қос жинағының да алғысөзінде өзінің ақындық өнерді кәсіп қылмағанын, тек ойына әсер еткен, көңіліне шуақ қондырған сәттерін хатқа тізгенін тілге тиек етеді.

"Кітап жазу кәсібім емес. Мамандығым да сәйкес келмейді. Сондықтан, сөз құрауымның қайсыбір жерлері әдебиеттің прозалық, поэзиялық жанрларының қағидаттарымен және грамматикалық талаптарға келмей жатса, сөге көрмеңіздер..." немесе "Бір-екі ауыз сөз лирикалық өлеңдер туралы. Адам өмірінде сезім деген күрделі құбылыс үнемі болуға тиіс деп ойлаймын. Оның да адамтану фәлсафасында түрлері көп екені белгілі. Әрбір жазылған сезім жырла-

рына байланысты, астар іздеп қажеті жоқ. Жыр соңындағы ақын еместігім бесенеден белгілі. Бірақ, кез келген қазақ баласы сияқты, маған да өз ойыммен, қиялымдағы, түсінігімдегі қасиетті сезімге деген құрметіме, оны қал-қадерімше суреттеуге ешкім тыйым сала алмайтындығы, сөуге қақысы жоқ екендігі аян. Сондықтан, ол менің туындым, айтулы суреткердің ғажайыптары емес екенін ескерсеңіздер деймін. Кәсіби талантты суреткерлердің өзі махаббат тақырыбына жыр толғаған сайын ғашық бола бермейтіндігі белгілі. Бірақ, олар осы бір қасиетті сезімге деген адалдығымен, суреткерлігімен жалпы адамзатқа ортақ ізгі ой, адамдық қасиетті орнықтыратыны шындық..." деп жазады.

Біз де автордың осы жүрекжарды лебізін қуаттаймыз...

Серік САҒЫНТАЙ.

АННІ ОРАЛҒАН МАХАББАТ

Сұрағың аз, сезімің көп жанарда,
 Қарап саған, сезім шөлі қанар ма?
 Ойлы көзің, түп-тұнық боп бейкүнә,
 Қимас жанға мені әлде санар ма?

Еркесің сен, еркін билеп сананың,
 Кербезсің-ау елігісің даланың.
 Жүрегіңнен бір дүрсілді сеземін,
 Аузын ашқан бітіп кеткен жараның.

Сүйкімдісің, қылығымен баланың,
 Еліктеумен мен де бала боламын.
 «Сүйем» сізді деген сөзден ынтығып,
 Сезім сел боп, құштарланып, толамын.

Жаратқан да қызық екен біртүрлі.
 Тағдырлар сол кездеседі түр-түрлі.
 Жылдар салып оралған сол махаббат,
 Сондықтан да көп нүктелі, үтірлі.

Әңгілеңіз, әңгілеңіз, әңгілеңіз, әңгілеңіз,
 Жылыңыз, сулу деңіз, ұланыңыз, бәсі артық,
 Қылыңыз, қылыңыз, қылыңыз, қылыңыз,
 Төңіріңіз, төңіріңіз, төңіріңіз, төңіріңіз.



ҒАШЫҚТЫҚТЫҢ СЫРЛАРЫНА АЗ ҚАНЫҚ

«Махаббаттың не екенін білдім» деп,
Ақ жүзіңнен алаулаған күлді леп.
«Кездескенше саған, жаным, өмірде,
Адасумен жүрек қалай жүрді» деп.

Аңсаймын деп бірге болған сәттерді,
Хат жазасың, сөзің қандай тәтті еді.
Сенің жаным шуағыңа бөленіп,
Жүрмін жазып өмір деген дәптерді.

«Сені ешкімге бермеймін» деп назданып,
Еркелейсің келгенде күз, жаз қалып.
Түсінбейтін екеуімізді адамдар,
Ғашықтықтың сырларына аз қанық.



СЕЗІМІҢНІҢ СЕСІ АРТЫҚ

Есікті ашып, күмәндіге баладың,
 Қойғаным сол, телефонға қарадың.
 Жүрегіңде қандай сезім жылт етті,
 Текке емес, жылпос жанға санадың.

Сөйттің-дағы кетіп қалдың жұмыспен,
 Күліп көзің, күрсіндің бір тыныспен.
 Сені маған бей-жай қылмай қызғаныш,
 Сезім сиқыр матаған ғой бір іспен.

Сонан менің батылдығым жаңылған,
 Көрдім көзден әрі итермес таңылған.
 Құшақтадым сүйе бердім таусылып,
 Көргім келіп көлеңке ғып жанымнан.

Айтам өзім бар сырымды жасырмай,
 Қоспай-алмай, шындығымен асырмай.
 Бағаладың, ерік бердің, әйтпесе,
 Жүрген жан ең басқа жанға бас ұрмай.

Енді өзің ие болсаң несі артық,
 Жаның сұлу деп ұғамын бәсі артық.
 Қылығынан қызғаныштың шалуыт,
 Ерке мінез, сезіміңнің сесі артық.

АМАН-САУ БОП АЙНАЛАМ...

«Жол жүрем десең алаңмын,
Өзегі өзге санамның.
Кетердей болып мәңгіге,
Сан ойға, жаным, таралдым.

Бөтен ой сен ғой кезбейсің,
Мақсатыңды көздейсің.
Көңілім күз боп тұрғанын,
Қалайша, жаным, сезбейсің?

Жалаңаш жаным қалғандай,
Келетін күндер армандай.
Аман боп, жаным, сау қайтшы!
Төзімім болар талғандай.

Кез болып осы жайға мен,
Сезімің бал боп тойған ем.
Танымай жүрмін өзімді,
Не істеп маған қойған ең?!

Сүрең бұлтты таңдай ем,
Алаңсыз жүрген жаңдай ем.
Көзін ашқан тың демнің,
О, махаббат! Қандай ең?

Оралшы, жаным, сағынам!
Тағдырыма бағынам.

Жолыңды тілеп күн сайын,
 Жаным жүдеп жабығам.
 Оралшы аман, сағынам!» –

Деп қиылып жанары,
 Таусылғандай амалы.
 Көтеріліп бір түсті,
 Ауанмен көңіл анары.

Осы шақ мені байлаған,
 Сенімен қызық айналам.
 Сезімің үшін сенің тек,
 Аман сау боп айналам.



БАР МА СЕНИҢ ПЕРІШТЕҢ...

Қылығы сұлу жанның шашында ма?
Әлде мүмкін әуезді атында ма?
Әйтеуір мені өзіңе тәнті қылдың,
Тегінде бар жақындық, асылға да.

Сұлу мүсін, кенде емес ақылға да,
Тәуекел керек боп тұр батылға да.
Аман сақтап жүретін сені маған,
Періштең қорғап жүрер қасыңда ма?

Талайы бар, тағдырдың басыңда да,
Жазғаны осы ғой деп мақұлдама.
Сезімің сел бұлақтай ашылатын,
Қайдан білдің толысқан жасыңда ма?

Қылығың, сұлу жансың шашыңда ма?
Сипай бердім, құштарлық ашылғанда.
Деміңе балқып сенің тұра бердім,
Кеудемде күмбір сезім тасынғанда.

ӨТЕУГЕ АЗ...

Қолыңды ұстап,
 Бірге жүру бақыт па?
 Жан азығы,
 Аз қалған бір уақытта.
 Сен тұрғанда,
 Қызықтырмас мені ешкім,
 Арбай алмас,
 Жарқыраған жақұт та.

Көңіл көрем,
 Жанарыңнан нұр тұнған,
 Күліп келіп,
 Айтасың сөз сыр тұнған.
 Сені маған,
 Сыйлады ма бұл тағдыр?
 Махаббатың,
 Адалдықтан жыр тұнған.

Аянбайсың,
 Кез келгеннен бұл жолда,
 Тәуекелдің,
 Жалауы да тұр қолда.
 Меніменен,
 Жер түбіне кетуге,
 Пейілсің-ау!
 Қарамай-ақ оң-солға.

Шынайы тек,
Сезімің сел боп жүрсінші.
Сирегірек,
Дал көңілмен күрсінші.
Сенің маған,
Махаббатың жетіп тұр,
Басқа амалың,
Болашақтан күлсінші.
Тең бөліну,
Оңай емес санаға,
Ерге емес,
Әсіресе анаға.
Батырлығың,
Менің қайран қаларым,
Ерке елігім!
Таппадым басқа балама.
Жақұтым деп,
Сезім сел боп кенерден,
Артығым деп,
Күрсініп ап тереңнен.
Соның бәрі,
Өтеуге аз бір сенің,
Жүректегі,
Сезіміңе Мен деген.

САҒЫНЫП ЖҮР ЕДІМ

Сағынып жүр едім,
 Көрдім-дағы басылдым.
 Сен жоқ жерде дүр едім,
 Көрдім-дағы шашылдым.

Айта алмай сөз, аймаладым,
 Жинақылығым қайда қалдың?
 Сипай бердім шашыңды,
 Түсініксіз жайда қалдым.

Қылығым осы ерсі ме?
 Еркелетші, келші де.
 Майыстырып саусағыңды,
 Еркелетуші едің ғой аусарыңды.
 Неткен Жан ем жоғалтқан,
 Жаныма жақын кәусарымды.

Келіп жүрші көрініп,
 Әсемдігің өріліп,
 Көз салғаныңды сағындым,
 Кермаралдай керіліп.
 Соған мәзбін шоқ салған,
 Бұл не деген серілік.
 Кешіре алсаң көрерсің,
 Кетпе бірақ жерініп.
 Мен бар жерде көрмесем,
 Басқа жанға,
 «Асқан» жанға
 Жүргеніңді телініп.

КҮНІМ АЗ СЫЙЛАҒАН ҚУАНЫШТЫ

Өзіңмен шадыман бір құрсам кеңес,
Гүл теріп, оны ұсынып шықсам белес.
Сәттерге сол бір болар, білесің бе,
Сендегі сезімдерге тұрсам теңес.

Күнім аз сыйлаған бір қуанышты,
Жан шуағы, мейірім, жұбанышты.
Маған елес соңы сол кездесудің,
Жабырқаған нұр жүзің қуаң түсті.

Жалғыз қайтып үй жаққа талдау жасап,
Ұйқы безіп, ойға сол қолдау жасап.
Жатасың-ау Сен, жаным, мұңаюмен,
Көз жасыңмен көңілге арбау жасап.

Бұл бір жай менде де бар түсінгенім,
Еске алып, оңашада күрсінгенім.
Жай уақыт жүрсем егер жұмысбасты,
Секілді «алаңсыз жан» түйсінгенім.

СЕЗІМІҢЕ МЕНІҢ ЖОҚ ТАЛАСЫМ ДА

Кездескенде бетке бет басқанымда,
Ұмыт боп сағынышым сасқаным ба.
Мен үшін бұдан тәтті сәттерім жоқ,
Сүю де, қауышуда басқаның да.

Сол кезде мен ерекше күйге енемін,
Сезім тасып ерекше түрленемін.
Сол сәттерді мен ұзақ созғым келіп,
Уақыттан тез өтетін озғым келіп,
Тұра бергім келді қозғалмай-ақ,
Ал бірақ уақыт деген азғантай-ақ.
Бөлінген саған деген ғұмырымнан,
Жаратқан жібергенде мені өмірге,
Сені ұстап қалған ғой тұлымыңнан.

Рас, солай жаратқан аңсасын деп,
Алшақ болып арасы шаршасын деп.
Түсінсін деп махаббат құдіретін,
Жылға бөлмей адамның баршасын тек.

Сен есімде осылай тек қаласың да,
Сезіміңе менің жоқ таласым да.
Жиілеп сағынышым құштарлығым,
Біртіндеп санама еніп барасың ба?

САҒЫНЫП СЕНІ МҰҢДАНАТЫН

Сағынып сені мұңданатын,
Қайсыбір жандарға бұлданатын.
Оңашада ойға қалып,
Ұйқы ашылып, жүйке талып,
Жүретұғын бей-жай күйде,
Секілді қонақ өзге үйде
Күйге тап болдым.

Жоғалтқандай аңсайтыңды,
Кездеспесем шаршайтыңды,
Бірге жүрер сапарды ойлап,
Оңаша жол шекпейтінді,
Звондамай өзіңе,
Кетпейтінді,
Бармасаң егер, сен үшін,
Себеп іздеп сөкпейтінді –
Шығардым.

Құшақтап сенің қысқаныңды,
Бетіме қарды ысқаныңды,
Өтіп кеткен балдәуренді,
Түсіріп еске құшқаныңды.
«Неге» деген көп сұрағыңды,
Қоштаған мені сыр әніңді,
Оңашада өлең сұрап,
Мені бір әнші көретініңді,
Ән сөзінен ой өретініңді,
Мұңлы сазға күрсінетініңді,
Мені өзіңдей түсінетініңді –
Аңсадым.

МЕКЕНДЕЙМІН

Қызық көріп, бауырыңның,
Қылығын айтқаныңда.
Шәліңді түбіт басыңа,
Бұрқыратып таққаныңда,
Қоштасарда сәл бөгеліп,
Есікті ақырын жапқаныңда,
Жүрісіңнен сыр іздеймін.
Үйге қарай қайтқаныңда,
«Осы мен не істеп жүрмін» деп,
Оңашада ойға батқаныңда,
Дегенменен бір күштің әсерінен,
Мен үшін уақыт тапқаныңда.
Селт еткенде сезімің,
Еркелеп әсем басқаныңда,
Сеніміңнен шықпай қалсам,
Мұңайып бара жатқаныңда,
Елестеп жайлап,
Сағым боп ойнап,
Тұрасың жайнап,
Сол кезде ойлап,
Жанымда болса,
Екен деймін.
Осынша сезімдермен,
Мен сенің жүрегіңе
Мекендеймін!

СЕН БОЛДЫҢ ЭТАЛОНЫМ

Сағындым, жанымдағы жанашырым,
Сыр сақтар ерекше бір жан асылым.
Сен менің білесің бе? Қайта айналған,
Жиырма бірден ерекше хан асығым.

Бар сөзімді айтар ем білім жетсе,
Бар асылға теңер ем тілім жетсе.
Мен сені аялаймын мақтан тұтып,
Қысқа өмірден санаулы күнім жетсе.

Бәлкім сен ұмытарсың өткен күнмен,
Салыстырып Айсыз бір кеткен түнмен.
Сен мені ұмытпайсың сәл нәрседен,
Бақ қонып, арайланып жеткен күнмен.

Өйткені мен өзінді сыйлап өткем,
Күндерімді сен үшін қинап өткем.
Қинап өтпей немене сүйе тұра,
Төзімімді арыма жинап өткем.

Сезімім саған деген сауда емес,
Жасандылық, көлгірлік, дау да емес.
Сен менің саналы өмір тәтті шағым,
Не ойда, не бетеге қырда емес.

Сен жырсың таусылмайтын өмірдегі,
Көп ойсың шарапатты көңілдегі.
Салыстырсам сен болдың эталоным,
Қыздар және ғашықтық жөніндегі.

АҢСАП ЖҮРЕМІН

Мен саған әсем сөздің әсемдерін,
Өлең жыр көркемсөздің көсемдерін,
Төгілдіріп жырласам-дағы,
Баламалармен сырласам-дағы,
Сендегі бар жақсылықтарға,
Балалық бақ қылықтарға,
Жетпей тұрады.
Көкейімнен бір ой,
«Аз болды-ау» деп
Кетпей тұрады.

Сен маған құпия жаңа жырсың,
Жалғастырар үмітті жаңа жылсың.
Жаныңның жайсаң шуақтарына,
Сырыңның тұнық суаттарына,
Күн сайын қанбай аңсап тұрамын,
Ынтығып саған бой сап тұрамын.
Сағыныштарымды бірер сөзбен,
Құштарлығымды үнсіз көзбен,
Жеткізгім келіп,
Сөзден бөлек маржан теріп,
Айтам десем де аз боп тұрады.
Ал менің жаным аздығын біліп,
Сенімен көңіл жаздығын біліп,
Өзіне соның маз боп тұрады.

ЖОЛ БОЛСЫН ДЕП...

Жол болсын деп жанарыңа,
Толқыған жас ілініп.
Ақ жүзіңнен анарыңа,
Үзіліп түсті сүрініп.
Тоспасын алған бұлақтай,
Көңілім кетті бүлініп.
Өкініш сезім тулады,
Жүрмегенге бірігіп.
Кеткен екен сенімен,
Сезім шіркін кірігіп.
Мен жаныңның түбіне,
Жетпеппін ғой үңіліп.
Іштегі бір сырыңды,
Ұқпаған соң түңіліп.
Мұңайдың ба шығып жас,
Іштегі сезім бүлініп.



СЕНІ ІЗДЕДІМ

Қарсы келген арудың жанарынан,
 Көзге түсер мүсінді анарынан.
 Оңтүстіктің күздегі самалынан,
 Қатар жүрген жұптардың амалынан,
 Сені іздедім.

Сыңғырлап ескен бір дауыстардан,
 Қыр асқан көкжиек пен алыстардан,
 Көрінбес көзден таса қалыстардан,
 Бейнесі өзіңе ұқсас таныстардан,
 Сені іздедім.

Түнімен елес қуған түстерімнен,
 Арада сәтті болған істерімнен.
 Бойыма қуат болған күштерімнен,
 Су ішкен сұлулардың іштерінен,
 Сені іздедім.

Бірақ та таппадым мен теңестіріп,
 «Мен мұндаймын» деген бір елес тұрып.
 Түсіндім сол бір кезде жүргенімді,
 Сезіміңе санамды теңестіріп.

ҚОСШОҚЫ

Қосшоқыны көріп мен Мыңаралдан,
Сол тұста сағыныштан ойға қалам.
Күндердің бірге жүрген белгісі ме?
Кез болғаным ерекше мың адамнан.

Жол шексем осы аймаққа мұңға батам,
Ескерткішке қос шоқы тұр ма, ботам?
Жаңалық күнде ашамын, менің үшін,
Сенің жаның мәңгілік жыр ма, ботам?

Шоқыға белгі қойып кеткім келіп,
Аңсап кетем тезірек жеткім келіп.
Сағынышты басатын дамылдауда,
Суреттерді кетейік тасқа көміп.

Тапқандар айта жүрсін дастан қылып,
Аңыз ғып, тамсансын сол аспан қылып.
Өрем де сені жырға таң қаламын,
Тұнып тұрған сендегі неткен қылық?!

ҚЫЗҒАНСАҢ – ОЛ СЕСІМДІ ОЯТҚАНЫМ

Қызғансаң – ол сезімді оятқаным,
Құштарлықты көп түрмен боятқаным.
Жақсы ол немкетіден, дегенменен,
Сәл ғана қызғанышқа тоят, жаным.

Онсызда жұпыны ғой менің жаным,
Сенсіз батқан күндер мен менің таңым.
Сен маған сенбегенде өзім деген,
Басқаның сөзі өтеді менің таңым.

Мен саған айнакөңіл жас көрсеткем,
Түсінер деп үнсіз қап бос көрсеткем.
Менің тілім жетпей қап сезіміме,
Жүрек қой ол көзімнен бас көрсеткен.

Оның бәрін саудалап тұрғаным жоқ,
Жазықсыздан қадайсың қызғаныш оқ,
Секем алып әр сөзден саған жеткен,
Жүрегің кетпесінші мұздағыш боп.

САҒЫНЫП КЕЛЕМ СЕНІ КӨЛ АЙНАЛЫП

Сағынып келем сені көл айналып, – мезгілден,
Ойымнан кетпей қойдың шыр айналып.
Саған деген құштарлық белгісі ме?
Мыңаралдан келеді жыр айналып.

Алыстан мені саған жетелеген,
Ойыма қиял бітіп кетеді ерен.
Мен сені түсте көріп басыламын,
Әйтпесе бала болып кете берем.

Көрмеген сені бейне жыл өткендей,
Сенсіз бір сүреңсіздеу күн өткендей.
Сенсің ғой аңсайтыным жол жүргенде,
Уақытым елеусіздеу құр өткендей.

Саған беріп бірінші хабарымды,
Үніңнен алатыным аларымды.
Сонан соң тағдыр жөні екі бөлек,
Көрмеймін мұңайған сол жанарыңды.

ТҮСІМНЕН СЕН ШЫҚПАЙСЫҢ

Сырмінез сырға бөгіп,
 Сезімді жырға төгіп,
 Көз жұмсам көлеңдейсің,
 Күтші өзің келем дейсің.

Түсімнен сен шықпайсың,
 Тегін бе?
 Соны ұққайсың.
 Тегін болса егерде,
 Сыймаймын неге кенерге.

Сені аңсаған сәттерде,
 Ойым салған кескінде.
 Әдемі толар бедерге
 Соның бәрі тәтті боп,
 Жетелейді тереңге.
 Сенен сезіп жылылық,
 Көңілім көл көлемде.
 Сондықтан да түсімде,
 Сені ғана көрем де.



Көңілімде сені аңсаймын,
 Бұл дүниеде сені іздеймін,
 Сені жаныма жақындатып,
 Ақсаптың, сенің жүрегімді ашып.

**САРҒАЙЫП КҮЗ КЕЛГЕНДЕҮТ
ЖАБЫҒЫП**

Сарғайып күз келгенде жабығып,
Жүргенім сол жаным жүдеп сарылып.
Көңілімнің келмей күйі, пернесі,
Сені ойладым сәл нәрседен сағынып.

Ұқсата алмай ешкімді де өзіңе,
Өзім деген, сыр ақтарған сөзіңе.
Басқа жандар кеткен бе әлде ұсақтап,
Көрінбей тұр мына менің көзіме.

Сені іздедім жиын-топтың ішінен,
Сені іздедім сұлулықтың түсінен.
Бірақ сені ұқсатпадым тең тауып,
Маған біткен ерік-талғам күшімен.



ЖАҚА
 ШАТТЫҚТӘК ША
**ТҮСІНУ ЖАМАЛЫҢНАН
 АҢСАҒАНЫМ**

Көрсем сенен маған бір жетпегенді,
 Сезім селің тұманнан өтпегенді.
 Балап жүрген жаныма қимасым ең,
 Қабағыңнан соғып тұр өкпек енді.

Асау мінез көрсетпе – шаршағанмын,
 Түсіну – жамалыңнан аңсағаным.
 Көрсетпе енді маған тәккапарлық,
 Жетпейді ме сенсіз де аңсағаным.

Менің жаным жүдеулі, айтқан жоқпын,
 Жайдары жүз қарасаң сырттан тоқпын.
 Үңілсеңші бір мезгіл маған-дағы,
 Ішім жалын, ашылсам бейне шоқпын.

Жатыр менің ішімде иттер ұлып,
 Соларға салып қоям тістен құлып.
 Қайсібірін айту да керек емес,
 Жүрегіңнің бергендей етін жұлып.

Кей кезде соққылайсың аямай-ақ,
 Бұзардай боп төзімді таямай-ақ.
 Сен мұныңды қоймасаң, арзандайды
 Асқағың, солғын түске боямай-ақ.

ЖАҚСЫМДЫ МЕНІҢ АСЫРҒАНЫМ

Санама кіріп табынғаным,
Сарғайып сезім сағынғаным,
Тәккәпар мінез өр көңілім,
Алдыңда сенің бағынғаным,
Болсаң да іздеп сабылғаным,
Жоғалтпай бірақ табылғаным,
Жұлдыз боп мынау көгімдегі,
Жолбағдар боп жағылғаным,
Алқа боп маған тағылғаным,
Өзге үшін райхан жабылғаным,
Жылдар мен мұнар арасынан,
Шуақ боп маған шашылғаным,
Арман боп маған ашылғаным,
Еркелеп назбен тасынғаным,
Қатемді менің көрмей кетіп,
Жақсымды менің асырғаным,
Кезіме сәтсіз басылғаным,
Мұңдайған ойға асылғаным.

Сезгенде сәтті кездерімді,
Шаттықтан шалқып шашылғаным.

Сағынған мені, сағынғаным!
Іздеуден кеш табылғаным.

Қандайда жақсы болғаның сенің,
Өмірде мына табынғаным.

Сағынған мені, сағынғаным!
Сезімі сел боп ағылғаным.

Көзіңнен көрем шуағыңды,
Махаббатпен бағынғаным.



**ЖАРА АСА АЛМАЙ СЕЗІМІҢНЕН
БАСАРСЫҢ ОЙ**

Көңілімді қайтсем менің табам деп,
Құрақ ұштың ренжітіп алам деп.
Саған біткен жаратылыс мінезін,
Өстіп бұрды маған адал санаң тек.

Асаусың ғой әйтпесе, асаусың ғой,
Қаламасаң білемін жасарсың той.
Не боп барам осы деп қайралғанмен,
Аса алмай сезіміңнен басарсың ой.

Оқталғансың, сан рет оқталғансың,
Өз сотыңа білемін сотталғансың.
Сен бірақ асуынан махаббатың,
Аса алмай амалсыздан тоқталғансың.

Аса алмай амалсыздан тоқталғансың,
Сазы мен сезімдердің жоқталғансың.
Білемісің емес бұл кездейсоқтық,
Сен бе сен, мен үшін тек сақталғансың.

САНАМ КЕТТІ СЕНІМЕН АРАЛАСЫП

Толықтырып, жанымдасың сен менің,
 Қасымда емес, қанымдасың сен менің.
 Менің үшін тәуекелге барғаның,
 Қорғау үшін сезіміңді сезгенім.

Сенің үшін тыныштықтан безгенім,
 Егде тартқан тағдырыма кез келдің.
 Сезіміммен ынтық болып өзіңе,
 Тыныш едім, дауыл соқты өзгердім.

Сеніменен жүрді жаным жадырап,
 Қасиетім, қабілетім – қадір ап.
 Түгел болдым сен болсаң тек қасымда,
 Қалған істің бәрі болды сандырақ.

Сен болсаң ба – келеді бала болғым,
 Сені құшар кең жазық дала болғым.
 Сезімім сыймай кетіп жүрегіме,
 Сездіруге келеді дана болғым,

Сен болсаң ба – келеді жаңа болғым,
 Қызығы көп келеді қала болғым.
 Саған айтар таусылмас тілегіммен,
 Мені аңсаған жаныңа пана болғым.

Бірақ менің өзіңмен арам ашық,
 Санам кетті сенімен араласып.

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ

Екіге бөлінсем де шаршамадым,
Өмірмен келем мына жағаласып.

Мені өмірде бар десе, сені атасын,
Сені атасын, сонан соң мені атасын.
Білетіндер еске алып екеуімізді,
«Шіркін-ай қандай еді!» деп атасын.

Сонда менің жаным бір жәй табады,
Деп ойлап сезімімді қайталады.
Жүрегім жібіп тұрып, шуақтарын,
Сені атаған жандарға қайтарады.

Атыңды қанша естісем бақыттымын,
Жаратқан қыспасыншы уақытты тым.
Онсыз да махаббаттың бозғыл таңы,
Кешірек біздер үшін атыпты тым.

Атыңды атар тотықұс алсам деймін,
Сайратып күндіз-түні қойсам деймін.
Сезім толы лебізіңді айтқызып сол,
Көңіл көл боп марқайып тойсам деймін.

Сенің атың қымбат ат жаным үшін,
Ризамын осы өмірге, барың үшін.
Атың түгіл, сөз түрі ардақ маған,
Махаббатқа ап-адал арың үшін.

Шуақтым, ақылдым сол, махаббатым,
Өмірдің сәнін берген салтанатын.

Атыңды оймен айтып тебіренем,
Жалғастырып үмітке ар қанатын.

Салмақ сол жүрегіме түспесін деп,
Тағдырым сұрқия сыр бүкпесін тек.

Атыңды жас төлменен атап кеттім,
Жүрегіңе жылылық жүктесін деп.

Жанымда жүре бергін жұбанышым,
Көзім тойған көрікті қуанышым.

Уақыт па? Сөз емес қой сүйген жанға,
Сезімге, сағынышқа күйген жанға.

Осы асыл сезімдерді аялайық,

Үзу ма? Айтпашы оны, таямайық.

Өмір деген қысқа ғой қамшыдай-ақ,
Сәттерден тәтті ой қалсын жанға лайық.

Келші, жаным, құшағыма алайыншы.

Жүзіңе құмарланып қарайыншы.

Қанша уақыт, шуағыңа қанбай келем,

Тереңдеп сезіміңе барайыншы.

ШУАҒЫҢДЫ САҒЫНДЫМ

Көңілің толқып болсыншы деген,
Жағасы жайлауға қонсыншы деген,
Сәттілік тілеп қадамыма,
Көңілі көп толсыншы деген,
Ниетіңді сағындым.

Сабырмен барға аспайтын,
Жақсылық болса жақтайтын,
Өзім деп келіп сыр шашсам,
Өзімнен берік сақтайтын,
Қасиетіңді сағындым.

Көлдей болып шашылатын,
Бала болып ашылатын,
Жайдары боп тасынатын,
Мұңлы болып басылатын,
Сезіміңді сағындым.

Байқашы қатты кетпе деген,
Ебін тауып епте деген,
Өмірде бәрі болады деп,
Ауыртпа жүрек текке деген,
Ақылыңды сағындым.

Жаным менің деп толқып,
 Алаң болып қорқып,
 Отыратын аялап,
 Қуанышыма шалқып,
 Шуағыңды сағиндым.

Көргендей жаңа пысып,
 Жоғалтардай қысып,
 Мейіріммен сезіммен,
 Кететін ақық ысып,
 Құшағыңды сағиндым.



**СЕЗІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСІП
САЛҚЫНДАДЫҢ**

Сезімге селкеу түсіп салқындадың,
Жала сөзге төздім де алқынбадым.
Сезіктеніп айтқаның жалған маған,
Көңілім бұрынғыдай менің саған.

Осың тек жанымды сол ауыртады,
Жүйкеңе күш түсті ме қауырт тағы.
Шырай жоқ жап-жақсы өңде қызығатын,
Қабағың не боп кетті?
Суық тағы.

Қайтсем ғана жібиді бұл ызғары?
Сенбесең көңіліңнің бұзылғаны.
Үкілеп ұстағаным болымсызға,
Құны болмай өмірден сызылғаны.

Айтушы ең бақытты бір күндерім деп,
Сізбенен бірге болған түндерім деп.
Аяулы сәттері үшін өмірімнің,
Қоспаса да тағдырым біргемін деп.

Амал не жек көргенде солай болар,
Сүйгенде теріске де көңіл толар.

Сүймесең ақ пейіл де қара болып,
Жексұрын боп көрініп көңіл солар.

Бәрі қызық әсем ғой сүйгеніңде,
Таусылмайды тәтті жыр түйгенің де.
Кеуденді шаттық кернеп дарханданып,
Мәз боласың шалқып сол күлмейтінге.

Мұның бәрі махаббат қосшысы ғой,
Ол жоқ жерде оралар топшысыз ой.
Өзің сүйген адамға қызғанышпен,
Сенбесең ол махаббат сорлысы ғой.



САҒЫНДЫМ

Сенің жайраңдап кіргеніңді,
Жымыып жеңіл күлгеніңді,
Адам сырын айтқызбай-ақ,
Көп нәрсені білгеніңді,
Сағындым.

Сенің мұнда жүргеніңді,
Мені көзіңе ілгеніңді,
Алаңсыз марғау сезімімнің,
Шымылдығын түргеніңді,
Сағындым.

Дір ете қалған төзіміңді,
Ләззатқа толған еріңді,
Нәзіктікпен барлығына,
Бастау болған сезіміңді,
Сағындым.

МЫҢАРАЛДАҒЫ ҚОС ШОҚЫ

Қос шоқы Мыңаралдың маңындағы,
 Ойнатып ыстық лепті қанымдағы.
 Өтіп-кетіп артыма қарай бердім,
 Өзіңе қарап қойып жанымдағы.
 Қос анардай шіркін-ай қол тимеген,
 Қайдан білсін қадірін қыз сүймеген.
 Тәубасына келсін деп жараттты ма?
 Сұлулыққа таңданып бас имеген.
 Табиғат жаратқан ба ұқсастырып,
 Жасапты үш жағында мыс қақ тұрып.
 Демімді баурайыңда алар ма едім,
 Арманшыл адамдарға ұқсап тұрып.
 Япыр-ай, неге ғана тоқтамадым,
 Асықты ма еліме басқан адым?
 Ой нәпірін сол сәтте бұзып өтті,
 Жайраңдаған көңілді қас-қабағың.

СЕНІ ҚОЙЫП БИИККЕ СҮЙСІНЕМІН

Мен бе тегі өзімді дегендерге,
Өзім деп өзек етін бергендерге.
Өзім деп жанға айтпаған сырды ақтарам,
Сен секілді жанымнан сыр тергендерге.

Өзіңді балама тек көпке санап,
Менің жаным толығар саған қарап.
Неге тұрар? Мен үшін білесің бе?
«Нендей жан?» деп отырсаң маған қарап.

Қарапайым деп ойлап оңашада,
Сол бір ойың қарашы, жараса ма?
Сені қойып биикке сүйсінемін,
Сол үшін де боламын аласа да.

Сені қойып биикке сүйсінемін,
Ойыммен қылығыңмен түйсінемін.
Бірге жүрген күндер мен жолдар, жырлар,
Есіңде тек, ұмытпа жүрсін сенің.

Өткен күннің белгісі ме кім біледі?
Қадір тұтқан адамдар сыр береді.
Мен сені жалықтырып алдым ба екен,
Жүрегім неге осындай жыр береді?

**ЖІЛЕП СЕН АЙТСЫН ДЕП
БІРІНШІ ЖАРАСУЫН**

Сен болмасың секілді тар асуым,
Қарашы енді, екі ойдың таласуын.
Киім қисем мақтандым балаға ұқсап,
Сен айтсын деп бірінші жарасуын.

Сыр ғып айттым ақтарып жан ашуын,
Байып тілеп, сезіліп жанашуың.
Жайып қойдым алдыңа істерімді,
Сен айтсын деп бірінші жарасуын.

Бірге болып бөліссем қала шуын,
Құшаққа алып бөліссем дала шуын.
Сезіміңе балқыдым, үндемедім,
Сен айтсын деп бірінші жарасуын.

Жиілеп пікіріңмен санасуым,
Көбейіп көрген түстен бал ашуым.
Сені ұнаттым сезімге ерік беріп,
Сен айтсын деп бірінші жарасуын.

БҰЛ НЕ ДЕГЕН МЫҚТЫЛЫҚ

Шақырасың,
Кездесуді белгілеп.
Жүрегімді,
Жүресің де тілгілеп.
Бейкүнә мінезіңнен,
Көңілімде,
Күлді леп.
Өкпелейсің,
Бірақ ұмытпайсың.
Мен де сендей,
Оны да бір ұққайсың,
Келесің,
Көңілімді,
Алай-дүлей етесің.
Азғана тұрып,
Біраз жерге жетесің.
Сөйтесіңде жылыстап,
Қарамай артқа кетесің.
Сауап саған деп,
Сазайын тарт,
Бәрі бір ғашықсың,
Маған деп,
Табалап жүргендейсің.
Жаның жабырқап,
Тұрса-дағы күлгендейсің.
Бұл не деген мықтылық?!
Іші ойран болса-дағы,
Көңіл-көзі тып-тынық.
Сендей жаннан құралар,
Махаббаттар түп-тұнық.

СУРЕТІМДІ АЙМАЛАП

Жүрегіңе жақындау жерге тағып,
Санаңа ойып атымды жазып.

Жүрсің бе, жаным, тұмарыңмен,
Терезесін үміттің күнде қағып.

Қос анарың суретімді аймалап.
Күдік-үміт алма-кезек аялап.

Лүпілімен жүрегіңнің үндессем,
Ол сезімім өмір-жолға жайған ақ.

Құс жастыққа жатып түнде ойлансаң,
Тәтті күнді өткізген ойға алсаң.

Мен сені тылсым сырмен әлдилейін,
Ұйықта, жаным, сезіміме жайлансаң.

Түс көр, жаным, жанға азық болатын.
Түсі игіге бақыт деген қонатын.

Сол түсіңнен мен де кейде қалмайын,
Бақытыңа тілектес боп толатын.

Сергексің сен ұйқыдан соң әдемі,
Қол соғып тұр махаббаттың әлемі.

Сәттілікті тілеп жүрмін жолыңа,
Сыйға тартып сезім деген кәдені.

БҮЛГҮЛ ӨТІЛЕМІН

Неге ауырды жүрегің,
Қалқам менің,
Ерке елігім, жұбаныш,
Барым менің.
Сен ауырсаң, менен де
Маза кетіп,
Көңіл түсіп, батады
Салым менің.
Сен егерде мүлт кетіп
Сына қалсаң,
Сені ойлаудан не болар
Халым менің.
Қорқамын, қорқам, қалқам,
Атамашы!
Ендігі әрі нәркескөз
Қарамашы.
Тәуекелге бас тіккен
Осы жанға,
Е, Алла! бола көрші
Арашашы.
Көріп едім бір рет
Қиналғанын,
Қаз-омыраудан төгіліп
Қара шашы.
Көргім енді келмейді
Сол бір жайды.
Не істерімді білмегем
Әрі тайды.

Есім кетіп, бір кіріп,
 Бір шыққанмын,
 Қолыңнан дәрмен кетсе,
 Бәрі – қайғы.
 Ал, өзің мәз боласың
 Құладым деп.
 Құласам да тап Сізге
 Ұнадым деп.
 Есі шыққан мені бір
 Қызық көріп,
 Құшасың кеп, жанымды
 Ұғарым деп.
 Ауырмашы, қалқам, сол
 Өтінемін!
 Сен ауырсаң мен-дағы
 Кетілемін.
 Менің жаным сенімен
 Байтақ дала,
 Жайдары жүр жанымда
 Не тілерім.
 Сезім-шуақ құйылса
 Аз күніңнен,
 Сонда ғана жігермен
 Жетілемін.
 Ауырмашы, қалқам, сол
 Өтілемін!!!



ҚИМАЙМЫН

Бара ма өзі сиреп бір кездесуім,

Өзімсініп еркінсіп із кесуім?

Сен бірақ білемісің қызғанамын,

Басқаның саған қарап көз тесуім.

Бұл өзі сезімім ғой қызық елес.

Кешпегенге басынан қызық емес.

Білесің бе, қимаймын сені, жаным,

Өзгеге емес, өзіме тағы емес...



ҚЫЗҒАНЫШ ТА ЖОҚ ЕМЕС

Қызғаныш па?
 Ол да менде жоқ емес.
 Кей кездерде,
 Ойға оралар бос елес.
 Дегенмен де,
 Адам жаны сезімтал.
 Ол сезімге,
 Тиіскендер дос емес.
 Сенің орның,
 Бөлек тіпті мен үшін.
 Сезім ерек,
 Түсін, жаным, сен үшін.
 Өз орныңды,
 Бағалашы мендегі.
 Ерме сөзге,
 Ұпай алмақ тең үшін.
 Үміттімін,
 Күтеріне бір жанның.
 Жолға қарап,
 Мұңлы сырлар ұққанын.
 Сағыныш қой,
 Адамдарға керегі,
 Өлшем үшін,
 Ғашықтықтан ұтқанын.

МЕН САҒАН ГҮЛ ҰСЫНДЫМ

Сен мені жас баладай еліктірдің,
Айналып қайта-қайта келіп тұрдым.
Сен бірең Күмбезін көңіліңнің өзің аштың,
Бір шоғын ұсындыңда үзіп гүлдің.
(Әннен үзінді)

Мен сені балап асқақ арманым,
Жыр жолын, сезім сырын арнадым да,
Ойыма жиі оралып жүрсің, жаным,
Сезімім әлде орынсыз алдады ма?

Сен үшін мүмкін емес жасандылық,
Жүзінде мейіріммен, тәтті қылық,
Өзіңмен бірге болған сәттерімде,
Құштарлық бойды алады, қалмайды ырық.

Мен саған гүл ұсындым, ескерсін деп,
Өзіңе ынтық жанды тек көрсін деп.
Оңаша ойға қалған сәттеріңді,
Мұңдаймай, жайраң қағып өткерсін деп.

ПІЧЕТ ЖОЛ ТЕРІП
СЕНІ ОЙЛАП...

Сені ойлап мен отырмын жалғызсырап,
 Маза кетіп, сені іздеп ойды құрап.
 Сенімен бірге болған есіме күндер түсіп,
 Сен жоқсың, неге жоқсың – көп қой сұрақ?

Сағындым құшаққа алып қысқаныңды,
 Аңсап көріп, сезіммен ұшқаныңды.
 Неге тұрад, мен үшін білесің бе?
 Сәл нәрседен ұстап ап тосқаныңды.

Елес боп толқынында төкпе ойдың,
 Сағым қуған пендедей жетпей қойдым.
 Сәл нәрседен сені алдым есіме тек,
 Көлеңкедей түстегі кетпей қойдың.

Есімдегім, сен десем ойым бөлек,
 Сен дегенде сезімде тойым бөлек.
 Сенімен бірге болған сәттерімде,
 Бағым ба әлде, сорым ба – жайым бөлек.

Сен де мені мендей боп аңсадың ба?
 Аңсап тұрып, жабығып шаршадың ба?
 Шаршадың ба, жабығып Күнге қарап,
 Таңға қарап, ататын қарсы алдыңда?..

ЖОЛ БЕРМЕКСІҢ КӨТЕРІП СОЛ БАСТАМА

Сен маған алаңсыз «қоям» дейсің,
«Құрысын» деп сезіміңді жоям дейсің.
Бөгет бопсың айтуыңша басқаға,
Жол бермексің көтеріп сол бастама.
Жол беріп байлай сапар қанжығаға,
Мен не мүлік? Сезімім зар қыла ма?
Сүйгендердің алдында,
Сүймегендер қайтушы еді?
Сезімінің селкеуін жасырам деп,
Көлгір сөзін өңмендеп айтушы еді.
Ойлансаңшы!
Мұқаттың сен кімді енді?
Қуаныш пен бақытың,
Басқа жанда ерекше түрге енді.
Кім ұтылды, кім ұтты – ойландың ба,
Жүректегі сезімді қорғадың ба?
Қалаймын сенің ұтып жүргеніңді,
Өзің және мен үшін күлгеніңді.
Бағалап нұр-алтын уақытыңды –
Ерекше ғой қолға ұстау бақытыңды...

**МЕН СЕНИҢ
ШУАҒЫҢДЫ САҒЫНАМЫН**

Жүресің бе бостан бос сөзге күйіп?
Жалған сөз азаптайтын жанға күйік.
Көре алмастың жалауыз бос өсегі,
Маған да ауыр жатқан сол саған тиіп.

Мен соны еске алсам күрсінемін,
Мен мұндай, сен қандайсың түсінемін.
Сөз айтып айырмаққа екеуімізді,
Жақындатып алғанын білсін елің.

Білсін жұрт айызы бір қанғанынша,
Лапылда жалындашы жанғаныңша.
Сүйіп тұрып құласаң кешірімді,
Сүйсең егер есіңнен танғаныңша.

Сен мені оятқансың қаламай-ақ,
Алыстан шарпып өтіп таямай-ақ.
Сен менің қарсы алғансың сезімімді,
Алшақтығын араның санамай-ақ.

Қызық еді-ау алғашқы кездесуім,
Батыл жоқ, тәуекел бар із кесуім.

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ

Сол күндер қымбат маған, сылтау тауып,
Жол жүріп жақынырақ жүздесуім.

Онан кейін сен болдың қуанышым,
Көңіл алаң, сезім сал жұбанышым.
Есінде ме қаладан қайтқан түні,
Өлең айтып, сені өбіп сыр ашуым?

Ойымдасың сен менің ауық-ауық,
Сенсіз егер көрсем де ойын-сауық.
Мен сенің шуағыңды сағынамын,
Жүретін айттырмай-ақ ойым тауып.



ХАЛЫҢ ҚАЛАЙ, ЖАНЫМ АТ ДЕСЕҢ

«Халың қалай, жаным?» десең,
Жаныма жақын барым десең,
Шымырлап бойым,
Шартарап ойым,
Сені аңсап мазасыз,
Боларын біліп жазасыз,
Баруға құшып,
Жетемін ұшып.
Осындаймын сен оған,
Мен бе? Қашан сен болғам.

Соны сен сезіп,
Қиял ой кезіп,
Жүрсең-дағы үмітпен,
Қарайсың кейде күдікпен.
Бір-ақ сөз ап,
Қайтасың тез-ақ.
Райыңнан соңғы бір,
Қайтқанменен жолы бір.
Қимастықтан сөзіңнің,
Мен дегенде соңы бір.



Сол күндө
Жол жүрсөң жана
**ТҮСІҢЕ КІРСЕМ ЕГЕР
ОЙДА ЖОҚТА**

Түсіңе кірсем егер ойда жоқта,
Сағынған ғой деген бір ойда тоқта.
Десем-дағы менің сені сағынуым,
Үнемі ғой, болмайды анда-соқта.

Ойымнан бір сәт қалған жан емессің,
Жол жүрсем түйсігімде бар елессің,
Қолсозым жерде мына тұрсаң-дағы,
Сағынғанда жанымда бар емессің.

Түс пе ол, емес мүлде теңес сана,
Ой түймеген түстен сол емес дана.
Мендегі аңсау кесек қой, ал көргенің,
Сағыныштан өзіңе елес қана.



ШІТ
ӘРЕКЕТПЕН ЖАСАНДЫ
 ЖІНІН
МАЗАЛАМА

Нәзіктігін жанымның түсінбепсің,
 Сезімі өзі ғана үшін депсің.
 Сенен сәл жылуы жоқ нұрды көрсем,
 Мезі қылған мені сырды көрсем,
 Жабығып қоя берер менің жаным,
 Неге бұлай?
 Осында менің таңым.
 Сондықтан да сен мені жазалама,
 Әрекетпен жасанды мазалама.
 Мендегі бір кемшілік көрсең егер,
 Күліп айтшы, ашумен тазалама.
 Тазалама ашумен, кір боп кетем,
 Күлкі болып көп жанға жыр боп кетем.
 Сен мені көрем десең биіктерден,
 Шуақ төксең жаныма, нұр боп кетем.
 Көп нәрсе керек емес маған деген,
 Құмарлықты өртеуге саған деген.
 Күніне тәтті қылық көрсетіп тұр,
 Тоя ма бақыт-баққа адам деген?!

ӨМІР МҰХИТ ІШІНДЕ ЖҮЗ КЕМЕНІҢ

Өмір мұхит ішінде жүз кеменің,
Мен шығармын үздіге іздегенің.
Куә етіп өзіңді егер жыр арнасам,
Белгілі ғой үмітті үзбегенім.

Тізгіндеумен жүргенде тағатымды,
Деп ойлама арманы неге тынды?
Есіңе ал оңаша бір ой кешкенде,
Көр көзімдей сыйлаған сағатымды.



**ШІРКІН-АЙ, ҚАНДАЙ ҚАЖЕТ
ЕРКІНШІЛІК**

Қарбалас ойда мына жеткізбейтін,
Електей басқа ойды өткізбейтін,
Сөз басқа айтылатын мәнерімен,
Көңіл басқа лықсыған кенерінен,
Арпалыс іштен тынған екі жанда,
Көз ғана тоғысатын анда-санда,
Сол сәттер жетіп жатыр жұғысуға,
Көңілді демеп қана ұғысуға.

Шіркін-ай, қандай қажет еркіншілік,
Отырған ойды қозғап еркін күліп.
Отырған жаман екен шешілместен,
Көңіл көл боп шалқымай есілместен.
Мұндайда шуағыңды шаша алмайсың,
Арпалысқан ойлардан бас алмайсың.

Ал оны түсінген жан мұңлық болып,
Ойы жел, жүрек бейне тұңлік болып,
Беймаза көңіл бей-жай, сана түзу,
Осы сәттен құтылу қара үзу.
Еркіндік екеумізде болса екен деп,
Жаңа жылда айналып қонса екен деп,

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ

Қиялға жалғасады үміт шіркін,
Кетпей қап құлағымнан күміс күлкің.

Сондай бір кездеріңді көргім келіп,
Соңыңнан жас балаша ергім келіп,
Тұрдым сол босағадан әрі кетпей,
Әр қимылым жасаған бейне көптей.

Тосылдым жолды біліп қосылмаған,
Үлес деп сенен тиген осы маған,
Сен де үнсіз кете бардың, мен де үнсіз,
Көңілді ала құйын, жасырмаған.



**СӨЗБЕНЕН СЫЛАП
ҚОЯСЫҢ**

Екі ортаны көп айтасың деп,
 Сен мені сынап қоясың.
 Бірақ көңілге алды ма деп,
 Сөзбенен сылап қоясың.

Екі ортаны көп айтқаным,
 Тиімді сәтті тапқаным.
 Қыстырма сөз келтіріп,
 Ойымды жинап жатқаным.

Мысал үшін дегенім,
 Тұспалданған керегім.
 Өзің тауып кетуші ең,
 Айттырмай-ақ дерегің.

Жақындықты құрғаным,
 Сөзбенен сынап қоясың.
 Алдымды ұқыптырап,
 Сөзбенен сынап қоясың.

Көрсеткен сөзіңді ұқыптырап,
 Бетің жанып ұмытқаным.
 Қайтсын өлер еңгізіп,
 Кеуделіңнен арып кеткенім.

Сөзді тек қана ұқыптырап,
 Көңілге алдым деп қоясың.



**АСЫҒЫССЫҢ, ӘЙТЕУІР
АСЫҒЫССЫҢ**

Кеше кеттің, трубканы тастай салып,
Ал менде баяғы сол тастай қалып.
Сырды күтсем жанымды тербеп өтер,
Үзесің бір сырыңды бастай салып.

Асығыссың, әйтеуір асығыссың,
Сен емес басқа жанның басы қызсын.
Көрсетсең де шамшыл боп кіді мінез,
Сен мен үшін бәрібір жақсы қызсың.

Осы мінез шындығым ұнамайды,
Бірақ оның сәл нәрсе құрамайды.
Тасташы тек осы бір қылығыңды,
Менің жаным одан көп сұрамайды.

Жанымды жалдап жүрсең жаралымын,
Бағаламай, аясаң қаралымын.
Алдап жүрсең уақытша, тап оныңды,
Сезбегенім, алдыңда бар айыбым.



**СЕЗІМІҢ СЕЛ БОП КЕТИП
ТАУСЫЛМАСА**

Келші, жаным, оңаша кездесейік.
Кездесейік, жылдарға із кесейік.
Жайшылықта кездесу бір бөлек қой,
Жылдар өтіп кетті ғой жүздесейік.

Үзілмепті осы бір аралықта,
Көбейіпті еске алар жаңалықта.
Жылдарменен орынды үлгеріпті,
Сұлулығың түрленіп жаңарып та.

Мен сені бүгін еркін құшсам деймін,
Өзіңмен армандарға ұшсам деймін.
Араға жылдар салған кездесуден,
Бар сырын махаббаттың ұқсам деймін.

Тілейтінім тек қана тағдырымнан,
Сақтай көрші күншіл сол тағы мұңнан.
Енді-енді арманыма жетер шақта,
Сақтай көрші кесапат ағымыңнан.

Кездесем сүйер едім құшырланып,
Белгі қойып үміттің тұсына анық.
Қайтсам егер өкініш болмас еді,
Кеудеңнен арманыңды ұшыра алып.

Сонда сен ерекше боп жарқырасаң,
Көңілің көл, өзендей сарқырасаң.

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ

Шын шаттансаң кездескен сәтімізге,
Сол кезде мен қиялмен сан қыр асам.

Сезімің сел боп кетіп таусылмасаң,
Жайраңдап жаның жаз боп басылмасаң,
Мен көріп сенің мұндай сәттеріңді,
Елге айтып, сезімімді жасырмасам.



ТЕГІ ҚАТТЫ САҒЫНДЫМ ДЕДІҢ БЕ СЕН!

Тегі қатты сағындым дедің бе сен?
Біраз күнге көзіңе көрінбеп ем.
Неңдей сыр бар? Деймін мен оңашада,
Басқа жанға өзіңдей телінбеп ем.

Сағынышың екен ғой – жаңа таптым,
Сағыныштан жылылық пана таптым.
Сен сағынып жолыма қарап жүрсең,
Керегі жоқ басқадай сан атақтың.

Сағынышың сенің бе? Бойтұмарым,
Бірге жүрген күндер ме? Той шынарым.
Құшағың ба? От жалын, сүйген ерін,
Оңашада еске алар ой құмарым.

Жүрмін неге мен деген еріп кетпей?
Өзімді сол өзіңе беріп кетпей.
Таң қаламын кей кезде мен өзіме,
Жүргеніме өзіңе еріп кетпей.



Шығармаларының жинағы
**СҮЙГЕНІҢ СӘЛ МЫСҚАЛ
ЖАРАҒАНЫМ**

Дедің бе сен, басқа жанға қарамадым,
Сағынғаннан сезімді араладым.
Басқа жандар көрінсе аласа боп,
Сүйгеніңе сәл мысқал жарағаным.

Сүйгеніңе сәл мысқал жарағаным,
Өмірге осы мен үшін жаралғаным.
Сен сағынып тағатсыз күтсең егер,
Сенің жолың, менің де қарағаным.

Шабьттансаң шалқысаң кездесуден,
Жайраң қағып жайнасаң жүздесуден.
Жалықпаймын сен мені аңсағанда,
Кездесуге, тәуекел із кесуден.

Жүрніп кетсең менің көзімді көрсетсең,
Өзімді сенің көзіңмен көрсетсең,
Төлеужанмен кездесу менің көзімді
Жүрніп кетсең менің көзімді көрсетсең.



РУХЫМ БАЙ БОП ШАТТАНЫП

Өзіңмен бірге болған түннің де,
 Жіңішке жолы, екеуімізге күннің де,
 Сыр болып жанда жатталып,
 Жатыр ғой өтіп апталық.
 Уақыт жетпей бірақ та,
 Жүргендейсің жырақта.

Көргім келіп сағынып,
 Еркіңе сенің бағынып,
 Барып қайтсам бір ауық,
 Онан соң көңіл жыр сауық.

Бетімді таяп бетіңе,
 Сүйгеніме бекіне.
 Ойға қалам толғанып,
 Көңілім көл – ол анық.

Рухым бай боп шаттанып,
 Құлшынып іске аттанып.
 Міндет пен мақсат молайып,
 Маңғазданам баптанып.

ҚУАНЫШЫ КӨЗІМНІҢ СЕНСІҢ

Елден ерек, ерке елігім,
Көк күмбезді көрігім,
Сені ғана қалайды, жаным,
Сағат сайын келеді көргім.

Жырдан жақұт келеді өргім,
Қиыннан келер көңілді бөлгім.
Жанарым шөлдер көрінбей кетсең,
Тағдырға сенсіз келмейді көнгім.

Тағдырға сенсіз келмейді көнгім,
Ешкімге сеніп келмейді бергім.
Ой түссе егер айырылам деген,
Маңдайым суық терлейді менің.

Қуанышы көзімнің сенсің,
Шыңдалар шағы төзімнің сенсің,
Маза көрмей сергелдең болған,
Шөлбасары сезімнің сенсің.

МАХАББАТСЫЗ ОЛ ҚАНДАЙ САНАЛЫ ӨМІР

Сағындым дейсің-дағы хабарсызсың,
Тура жол, ресмисің – амалсызсың.
Сүйген жанда мұндай мән бола ма екен,
Шектелгенге махаббат қона ма екен.
Ал, ұста! Қоралатып сезіміңді,
Жүйкеңе қонақтатып төзіміңді.
Мен мұндай сүйгендерді біле алмадым,
Дегеніңе қояйық – тіл алмадым.
Колбаға салып қойған махаббатың,
Төбірентпес шынайы, мархабаттым.
Бүйте берсең езгілеп бітірерсің,
Сезім буып денеңді тітірерсің,
Сыйлаған гауһарыңды жаннан үзіп,
Қайтып алып менен сол үгітерсің.
Сонан соң бәрі бітті, қараңғы өмір,
Махаббатсыз – ол қандай саналы өмір?!

ШЕШІЛСЕҢ ҒОЙ...

Шешілсең ғой, жарығым, шешілсең ғой.
Шығар ма еді тұйықтан көсілсе ой.
Еркіндесе жүрегің мені сүйген,
Болмайдының астында күні күйген.

Шуағын бұдан да артық шашар ма еді,
Шалқып сол асулардан асар ма еді.
Шешілген соң менің сол жоқтығыма,
Мұңаймай-ақ таңдарың атар ма еді?

Құлазымай кештерің батар ма еді,
Аласа боп ой-асу жатар ма еді?
Мені бар деп жаныңда қиялдасаң,
Сол қиялға енгізші қатар мені.

Ойыңа ал, тәтті ұйқыға кетеріңде,
Ойыңа ал тар өткелден өтеріңде,
Сонда мен сезіміммен қолдамасам,
Біз сенген махаббатың бекері де.

Бірақ та олай болмас тебіренсең,
Басқа ойға күмәнданып бөлінбесең.
Шығармын мүмкін мұңлық, мен өйткені,
Аңсаймын сәл көзіме көрінбесең.

Қарсы алғанда күлімдеп мейірменен.
Елестетіп сол сәтті жүзің көрем.
Дүниеде бір нәрседе шындық болса,
Ол менің махаббатым саған деген.

ШАЙҚАЛДЫ ЖАҒАДАҒЫ КӨҢІЛ КЕМЕМ

Мен сенен көріп жүрем шуақ жақын,
Ғашықтығы болмаса туар ма ақын?

Сезімімді сел қылып жаңартқаның,
Махаббатты үндемей аңғартқаның.

Сен болмасаң мен бәлкім бүйтер ме едім,
Жанымнан үндемей-ақ күй тербедің.

Сезіміңді жеткізген деміңменен,
Шайқалды жағадағы көңіл кемем.

Сырлассам сырымды ұқтың жаныңменен.
Бүтіндей берілгенім барыңменен.

Сен барда маған қуат өмір мынау,
Болмайды жүзім төмен, самай қырау..!



КҮНІҢДІ АҢСАП...

Күніңді аңсап жыл бойы жүрсем-дағы,
Қатырам деп сол күні күлсем-дағы.
Соңғы кезде келмей жүр сәті мұның,
Ырым қып күні бұрын сүйсем-дағы.

Көңілге сені ғана түйсем-дағы,
Аңсаудан шоқ жалынға күйсем-дағы
Сусыным қанбай қойды-ау сенен менің,
Құмарым қанар ма екен сүйсем тағы?!



МҰҚАҒАЛИША

Жүрегім неге ауырды білесің бе?

«Әлсізсіз» деп қоясың күлесің де.

Саған деген сезімді іште жанған,

Сөндіріп лақтырмаймын күресінге.

Сен соны, жаным менің, білесің бе?

Санамды сағынышпен тұмшаладың.

Өзің – өзім: мен саған сыр ашамын.

Ғашық болып арманға қолым жетпей,

Ауырлар деп ойлап па ем мұнша халім.

Жаным менің, мен саған мұң шағамын.

Махаббатты ойламан соқпалы деп.

Сезім желі үнемі соқпады деп.

Махаббаттың бір жыры қолың жетпеу,

Сондықтан өмірде жоқталды тек.

Ойлама тек фәлсафа ақтарды деп.

Аттап өтіп өмірдің қия белін,

Мен саған құштарлықты жия бердім.

Сезімім шарасынан асқан кезде,

Сабыр сақтап өзімді тыя бердім.

ЕРІК БЕРІП ҚОЯСЫҢ ЕРКЕЛЕТІП

Сағыныштың сазын тартып сандалдым.
Келіп қалып, кездесер деп қамдандым.
Елеңдеп үмітіме сенсем-дағы,
Келмедің сен, келмедің сен, алдандым.

Аз сәтімді кездескен ертек етіп,
Ерік беріп қоясың еркелетіп,
Тәтті қылық, сөзіңмен баурасаң да,
Қоясың тағдырыма желкелетіп.

Сөйтіп тұрып қысасың құшағыңа,
Мінгізіп ап сезімнің ұшағына.
Мән бересің әр сөз бен әр ісіме,
Болмайды-ау сен үшін бір ұсағы да.

«Сотқарым», - деп менің бір қылығыма,
Ат қоясың ұшқыр менің сұрағыма.
«Тентексің», - деп жәудіреп қара көзің,
«Жаным», - деп сыбырлайсың құлағыма.

Оятып шалқар шабыт иіскейсің,
Бірақ та бал ерніңмен түйіспейсің.

Сезімің айналған соң тұрағыма,
Қызық көріп айналып тиіспейсің.

Сөйтесің де қоясың ынтықтырып,
Қылығыңнан сан қырлы сыр ұқтырып.
Шектеу деп ойласаң да сезімдерге,
Білмейсің жүргеніңді құнықтырып.

Сағындым жаныңды сол саялы бақ,
Жүргім келер мәңгілік аялап-ақ.
«Қош!» десең де ара үзіп, мен жүремін,
Махаббатқа біздегі таянып ап.

Сені іздеген сезімім «Айбозым» деп,
Жүрегім жетімсірер сыр сазым кеп.
Тағдырыңмен өмірде алыссың-ау,
Тұрсаң-дағы жақында қол созым тек.



**СЕН ЕКЕН ДЕП
ҚАЛАМЫН**

Сезімнен жүрек дір етсе,
Сенен ғой деп алаңмын.
Телефон егер шыр етсе,
Сен екен деп қаламын.

Сағынған көңіл қамықса,
Сенен ғой деп алаңмын.
Сылдыр күлкі жарысса,
Сен екен деп қаламын.

Осының бәрі сен болмай,
Үмітті үзіп алаңмын.
Шалқыған көңіл көл болмай,
Арнадан шықпай қаламын.

Сан қырлы бір күн кешіп,
Өтіп те жатыр күндерім.
Өзіңнен жұмбақ сыр шешіп,
Жалғап жүр көңіл күдерін.



ЖАҚСЫ ЕКЕН

Бір адамды сағынғаның да,
 Бір адамға бағынғаның да,
 Сезімге табынғаның да,
 Қуаныштан жарылғаның да –
 Жақсы екен.

Кей уақытта тарылғаның да,
 Болмашыға жалынғаның да,
 Соның бәрін бұзып жарып,
 Әдептен шығып қағынғаның да –
 Жақсы екен.



СОЛ БІР ЖАН ОРАЛСА ҒОЙ ОРНЫ БӨЛЕК

Жүрегің кең ғой деп жүруші едің,
Көп адамға орын деп күлуші едің.
Бірақ та әзілменен ащы шындық,
Айтып алып, қимай сол тұрушы едің.

Сол кезде сезсең егер босаңдықты,
Байламадың жүрекке қалай мықты.
Бірде олай, бірде былай құбылам деп,
Дамыттың мендегі бар осалдықты.

Жылдармен сүрең тартты қатысымыз,
Кездессек сыбай-сылтаң ат үстіміз.
Еске алсаң кінәларды тізе бермей,
Бірге жүрген жылдардың жақұтын тіз.

Енді біз құлпырмаспыз қатты кетіп,
Барады жылдарменен өмір өтіп.
Естелікте айта алмай, айырылармыз,
Ғұмыр деген құжаттар архивке өтіп.

Одан соң еске алғаның кімге керек,
Тек болады тамаша ой өзіңде ерек.
«Қадірін арттырар ем», дер едік біз,
Сол бір жанға оралса орны бөлек.

СОНЫҢ БӘРІН САЛЫСТЫРЫП

Менің мұны қоймағаным,
 Қызығыңа тоймағаным,
 Мазасыз бір күйлер кешіп,
 Жүргеннен соң ойлағаным.

Әр нәрсені сызып көріп,
 Құштарлықты бұзып бөліп,
 Сезім ойран қызғаныштан,
 Белгісіз бір жұмбақ шешіп.

Ерсі қылық бастағаным,
 Басқаға көз тастағаным.
 Сонда да сен мені кешіп,
 Сезіміңді қоштағаның.

Соның бәрін салыстырып,
 Қараймын ғой қалыс тұрып.
 Махаббат екен екеумізді,
 Жүретұғын жағыстырып.

Менің мұндай қылықтарымды,
 Өзімшіл өзге ырықтарымды.

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ

Сен кешіріп білген едің,
Өзіңе келіп тұрақтарымды.

Сен үшін жәй емес екем,
Сенсіз өмір елесі кем.
Түсінген соң мойындаумен,
Ойға түстім өресі кең.

Сол сезіммен жайланғаным,
Түсінген соң, ойланғаным.
Тағдырыма бір тізгінмен,
Тәуекелмен байланғаным.



ОНЫҢ РАС

Оның рас ұят бар ғой айтқандай,
 Абырой бар, отбасы бар, ат қандай.
 Сені егер жақсы көрсем несі айып,
 Арай таңым енді жаңа атқандай.
 Бір ізбенен белгі бөлек таққандай,
 Қиын екен құлап бара жатқандай.
 Жүреміз біз тыйым салып ерікке,
 Өзімізден бұзылғандық тапқандай.
 «Бұл кісіге не жоқ» дерсің баптанбай,
 Менің неге жүруім керек шаттанбай?
 Болмау керек сезім деген тұсаулы,
 Мені саған, Сені маған сатқандай.



ТАБАМ ЕНДІ ҚАЙТЫП ЕМ

Жүрегімді қозғашы деп айтып ем,
Қалайша деп мән де бермей салқын ең.
Сүйген сәтте екі бетің ду етіп,
Қозғап кеттің табам енді қайтып ем?

Қозғап кеттің табам енді қайтып ем?
Батыл болып оған дейін шалқып ем.
Құштарлығым саған деген асқынды,
Тапшы енді жадыратар қалқып ем.

Ем таппасаң ауру болып қайтамын,
Дәруі сен құштарлықтың байқадым.
«Осы қызда нең бар?» десе пенделер,
«Іздеп тапқан ауруым» деп айтамын.



**САҒЫНДЫМ СЕНІ ҒАНА,
САҒЫНҒАНЫМ**

Сағындым, саумалдығым, таң самалым,
Жүрек шіркін сыздаса бар ма амалым?
Сағындым сені ғана сағынғаным,
Саған ғана бой ұрдым бағынғаным.

Шықпайсың ойымнан сол табынғаным,
Сағындым құлазып сол бауыр-жаным.
Не істеймін? Санам санда ойым онда,
Дертіме шипа таппай ауырғаным.

Сағындым енді қайтып көрмейтіндей,
Жыр маржан саған арнап термейтіндей.
Сағындым көрсем сені өрлейтіндей,
Ешкімге қиып сені бермейтіндей.



СЫРЫМДЫ ҰҚҚАН
(Жамбылдың «Угай-ай» әнімен)

Ғашық болдым,
Асық болдым өзіңе.
Еркем дедім,
Ерік бердім сезімге.
Ғашық жаным!
Ай-угай, Ай-угай, угай, угай, Ай-угай.
Арманымсың,
Арманға шың қол жетпес.
Асқақ жансың,
Басқа жансың Оқжетпес
Арман, жаным!

Санамдасың,
Асыл жансың мен үшін.
Қанаттанам,
Абаттанам, сен үшін
Қуат, жаным!

Жан самалым,
Тапшы амалын тек қана.
Сағынғаным,
Бағынғаным сен ғана.
Аңсағ жаным!

Сырымды ұққан,
Қадір тұтқан, ардақтым!
Мен деп күйген,
Ойын түйген, салмақтым!
Асыл, жаным!

БІЛСЕҢ ҒОЙ...

Жүре алмаймын,
 Сенсіз, жаным, расым.
 Күйім бөлек,
 Жүрегімді сығасың.
 Мұңаямын,
 Жетпей тұрады орының,
 Сағыныштың,
 Бізін әкеп сұғасың.

Жүре алмаймын,
 Сенсіз жаным көңіл жоқ.
 Сен демесең,
 Жайдарымын өмір тоқ.
 Сенсіз, сенсіз,
 Күндерім де күреңкі.
 Сұрғылттықтан,
 Көңілсізбін сүреңкі.
 Қалай менің,
 Сүйетінімді білсең ғой.
 Ренжітем де,
 Өзімді жеймін терсең ой.
 Салғым келмей,
 Жаныңа жара асылым!
 Оңбағанмын!
 Жұмыс шіркін бас ұғым.
 Ренжіме,
 Кешір, жаным, кеше алсаң.
 Махаббатың,

Самап желін есе алсаң,
Сенсіз мүлде,
Болып жүрмін сана жат.
Сана деген,
Ғашықтықпен ғажап ат.
Шөліркедім,
Шөлдедім орның бөлек.
Жалғызбын,
Жалбыздаймын жел керек.
Сен екенсің,
Керегім түсінгенім.
Сенсіз жүрек,
Шаншып сол күрсінгенім.
Ғашық екем,
Мен саған ақиқаты,
Жасанды емес,
Жүректе бақи хаты.
Шыдамаймын,
Бір күнге зорлықпенен,
Сенен күдер,
Үзетін қорлықпенен,
Мен саған,
Байланыппын махаббатпен,
Қорланның,
Естайындай жазған хатпен.

АЯЛАП ЖЕТКІЗЕЙІК БОЛАШАҚҚА

Астар болмай сен ойлаған жерге мен,
Сан ретте қысылып мен терлегем.
Сенің мені түсінуің қайтпай қап,
Арамызда болып жүрді сергелдең.

Басқа жанға сен тұрғанда сенбеп ем,
Сене көріп маздағанды сөнбеп ем.
Біле тұра тағдыр жібін мен үшін,
Қиындыққа қызығыңды көмген ең.

Соны кейде түсінбесем кешерсің,
Түсінбеген сыр теңімді шешерсің.
Кешіп, шешіп алғаннан соң мен жаққа,
Түбінде сен жан-тініңмен көшерсің.

Сенем саған қинама сезімімді,
Таусылатын аяшы төзімімді.
Қоямын да бейнеңді жаныма сол,
Талай таңға таяп бір көз ілінді.

Өзіме жоқ, қимаймын басқаға да,
Пендешілік өзімшіл қас қаға ма?
Селкеу түссе сезімге қайтып келмес,
Махаббатың күйреуден сақтана ма?

Жоқ! Жоқ! Жаным, атама ондай сәтті,
Қарайлашы өткенге – қандай тәтті!
Аялап жеткізейік болашаққа,
Ескерткіш қою үшін таңдай қақты.

ЖАҢА ЖЫЛДА ЖЫРЫҢ БОЛСЫН

Жаңа жылда жайнағаныңды,
Көңілменен қайнағаныңды.
Өрнектеген орамалыңды,
Мойныңа сол байлағаныңды –
Мен көріп,
Аязбен өбіп,
Қызықтасам.
Үйге сен бірақ,
Асықпасаң.

Жаңа жылдың жаңа қарын,
Оған қосып сезім бағын,
Ұсынсам деймін сыйға деп,
Айтылар асыл сырға деп –
Ырым болсын,
Таусылмайтын,
Жырың болсын.
Құшағың тек,
Гүлге толсын!
Жаңа жылың,
Құтты болсын!

ӨКІНІШ ПЕН ҚУАНЫШ

Бір түннің қиылмағанына,
Өтседе уақыт қонақүйде,
Дастарханның жиылмағанына,
Сонша жерден аңсап келіп,
Сезіміңнің бұйырмағанына,
Асылып, құшақтап, өбіп,
Күлкіңнің құйылмағанына,
Барлығына кінәлі достарыңның,
Сенің жаныңды ұғынбағанына,
Ал менің, тәуекел жасап,
Орталарыңа сұғынбағаныма,
Өкіндім.

Оралып қайта өткеніңе,
Мені тастап кеткеніңе,
Еркелеп кіріп, мен барам деп,
Қызғаныш отын сепкеніңе.
Сөйтіп қойып арасыңда,
Ақырын келіп өпкеніңе,
Сен отырған бөлмеден,
Күлкі мен әннің жеткеніне,
Сені соларға ұқсап,
Күлкіге батырмағаныма,
Басқа біреудей болып,
Қызыққа шақырмағаныма,
Басқа ортада өзіңменен,
Думанды сапырмағаныма,
Ренжідім.

Сенің шаттанғаныңа,
Еркелеп, ерке баптанғаныңа,
Әшейінде ішпейтін шарапты,
Сәл ауыз тиіп мастанғаныңа.
Күттіріп қойып, мына мені,
Қылығыңа мақтанғаныңа,
Түсініп ағаттықты,
Себеп айтып ақталғаныңа,
Ұят болды-ау деп, еске түсіп,
Кетпекші болып оқталғаныңа,
Қызға жарасты сабырменен,
Бірақ та тоқталғаныңа,
Құлпы ашылмай бөлмеңнің,
Далада шақ қалғаныңа,
Қуандым.




ЖҮ ОТЫРДЫМ КҮТІП

Отырдым, күтіп сені,
 Уақыт озбай,
 Білсең егер, бейтаныс,
 Ойды қозғай.
 Екің менен еркелігің,
 Қосылса,
 Жадырайсың, боласың
 Көңіл жаздай.

Сен де ойладың, сенемін,
 Алаңдадың.
 Ішпей тұрып шарапты
 Қарайладың.
 Сенкі жөн ғой, өйткені
 Ортаң бөлек,
 Соны ескеріп, еріксіз
 Бара алмадым.

Әйтпесе, барар едім
 Жанамай-ақ.
 Екеуіміз кетер едік
 Тарамай-ақ.



Маған егер бірі айтса,
Бұл қалай деп,
Сүйер едім өзіңді
Қарамай-ақ.

Кешіктім деп отырдың,
Рас па осым?
Бірақ та, жібермейді
Ескі досың.
Адамдар өзімшіл ғой,
Неғылады,
Күткенін басқа жанның,
Болып тосын.



ЖҮРЕГІҢНЕН АЙНАЛДЫМ

Кешір, жаным, Сондағын
 Болса егер ауыр саған, Күтпегім қатты
 Кей жүрек, Уақытқа
 Еш нәрсеге ауырмаған. Сөзіңді сөзіңді
 Сенің мұңлы, Бір көзің
 Жүзіңді ренішті, Егер мұң
 Көру деген, Жүзіңді
 Соншалық ауыр маған. Аяқ
 Ұйқтамадым, Көзіңді көп
 Түнімен таң атпады. Түнімен
 Мазалаған, «Шынық»
 Ойларым санатпады. Дүркірде
 Көз алдымда, Көзіңді көп
 Мұңайып тұрды бейнең, Аяқпен
 Сергіші сен, Егер мұң
 Ұйқы ма? Қанад-дағы. «Не болды»
 Түсіндім, Дүркірде
 Бір жанның бар екенін, Сөзіңді көп
 Маған кең, Егер мұң
 Басқа адамға тар екенін. Мен сөзіңді
 Жүрегіңнен, Батпақпен
 Кіп-кішкене айналадым. Ұялы
 Кейде мен деп, Сен осы
 Тастап кетер мекенін. Мендегі нәрсені
 Тастап кетер мекенін. Жүзіңді көп
 Тастап кетер мекенін. Сөзіңді көп

САҒЫНДЫМ

Соқпадың,
Күтіп едім, қатыгезсің.
Уақытша ғой,
Сағыныштың сазы ессін.
Екі көзім есікте,
Елесім көп.
Жайнап,
Аяп,
Қолыңды бересің кеп.
«Ойбуй, жаным!
Түрін қара!» деп.
«Шашың қалай?
Дұрыстап тара» деп.
Құшақтайсың аймалап.
Аяздан келген,
Етігің тайғанап.
«Не болды?» деп,
Дегбірің қалмай.
Естігенше жайымды.
Сөз айта алмай пайымды.
Есімді шығаратыныңды,
Мен сөз айтып,
Бапталғанша,
Ұға алатыныңды.
Сен осы қылығыңмен,
Мендегі наз бен өкпені,
Жыға алатыныңды,
Сағындым.

СЕН ДЕ МЕНІ САҒЫНАСЫҢ

Тауфиқ етіп,
 Өткеніңді бір-ақ күнде,
 Іздедің бе,
 Тыныштыққа тұрақ түнде.
 Ойладың ба,
 Құтылсам деп азаптан,
 Азаптың да
 Болады ғой тәттісі,
 Ал енді,
 Еркің жетсе азаттан.
 Мен сені,
 Әрбір күнде мазалаймын.
 Жаныңа,
 Салыстырмалы жазадаймын.
 Анау азап,
 Бұл азаппен тең келмейді,
 Ол азаптан қуанатынсың,
 Бұл азаптан уанамысың?
 Жүрегің сазып,
 Оңашада күрсінесің.
 Өткенді есіңе алып,
 Жастықты төсіңе алып,
 Құшақтап,
 Етпеттеп жатып,
 Ашылып ұйқың,
 Шығып бір түйқың,
 Тесіліп төбеге қарап,
 Өзіңді дұрысқа санап,

Мені бұрысқа балап,
Ойың айтып,
Санаңа еркің жетпей,
Бұлқынасың,
Қайранғанмен еркін кетпей.
Жүрегің жалғызсырап,
Жыртылған жерін құрап-құрап,
Сен мені сағынасың.
Алмаймын еске деп,
Уақытым өтті текке деп,
Шағыласың.
Сөйте тұра,
Сен мені сағынасың.



СЕНІҢ АТЫҢ – ҒАЖАП АТ

«Жүре алатын емеспін» деп келмейсің,
 Келіп неге жайымды менің көрмейсің.
 Саған деген сағыныштан сарғайып,
 Көңіл – сынық, көз – кіреуке көргейсің.

Ойым толқын, көңіл жаға ұратын,
 Тамшы көзден арнаға сол бұратын.
 Санамдағы саңлақ сезім сағым боп,
 Ой белестен көз тоқтатып тұратын.

Саған ғана ой тоқталып тұрады,
 Қиялым сол тәтті түстер құрады.
 Сен аман боп Антейдей берік болшы,
 Махаббатты – сезімімнің тұрағы.

Сен күйресең мен де бор боп үгілем,
 Саған ғана жасық болып сөгілем.
 Сен демесең танымастай өзгеріп,
 Көк байрақ боп намысыма тігілем.

Сен білмейсің күшіңді сол алапат,
 Мен үшін тек сенің атың – ғажап ат.
 Қуатымсың Везувийдей сыр бұққан,
 Сол күшіңнің магмасы – махаббат.

ЖОЛЫҢДЫ ТІЛЕП ҮЙДЕМІН

Жолыңды тілеп үйдемін,
Алаң-салаң күйдемін.
Телефонмен көңілдің,
Отырдым аңдып күй-демін.

Сағыныш өршіп өшігіп,
Өткенен ойды көшіріп.
Күмәнімді жылт еткен,
Отырдым жиі өшіріп.

Көңілім сынық жалғызбын,
Ойымда сенсің жалғызым.
Тезірек келші медет боп,
Жаралған емге жалбызым.

Артады бағаң күн сайын,
Таспадағы күй сайын.
Тыңдадым сені сағынып,
Көңілде ойнап күй сағым.

Аман жетші, ардағым,
Жамандықты арбадым.
Жетуге маған ынттыққан,
Сезіміңді жалғадым.

Жалғадым да жалыңдым,
Көңіл күйге алыңдым.
Жолыңды қылсын демеп Күн,
Сағынғаным, сағыңдым.

БІР ҚЫЗЫҚҚА ЖЕТПЕУІҢ

Айтылмаған
 Сырға тұнып жанарың,
 Ойға шомып,
 Мейірленіп қарадың.
 Көрген сайын,
 Сенің осы қалпыңды,
 Мен үшін тек,
 Осылай деп қаламын.
 Күліп тұрып,
 Күрсінесің білдірмей,
 Әзіл айтып,
 Ой саласың күлдірмей.
 Сыр бар ма деп,
 Қалам кейде үмітпен,
 Құмарды алып,
 Тұрғаныңда сүйдірмей.
 Жүрегіңе жасыр қызың,
 Рас оның,
 Ойланатын істер бар,
 Беймаза ойға,
 Араласар түстер бар.

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ

Бәрін, бәрін,
Қояйықшы десек те,
Қойдырмайтын,
Екеумізді күштер бар.

Сондықтан да,
Керегі жоқ шеттеудің,
Сезімдерді,
Мұңлы қылып шектеудің.
Шектеуменен
Жүргеніңде мүмкін ғой,
Уақыт озып,
Бір қызыққа жетпеуің.



ЕСТЕСІҢ

Таң бозарып атқанда да естесің,
 Манаурап бір жатқанда да естесің,
 Үйренген жерде тосқандай болып,
 Күн ұясына батқанда да естесің.

Жол жүріп шалқығанда естесің,
 Ән естіп балқығанда естесің,
 Көзімнен оқитын бар сырымды,
 Көңілім жүдеп толқығанда естесің.

Сезімім сел болғанда естесің,
 Көңілім көл болғанда естесің,
 Құлазысам іздегенім секілді,
 Бастаған ісім жөн болғанда да естесің.

Бірақ көңіл алабұртқан не істесің?
 Алабұртып сезеген ғой сол жетпесің.
 Жүрегіңе жазып қойшы, жайдарлым,
 Есіңнен тек есімім бос кетпесің.

ЖҮРГЕНДЕЙМІН ЖЕЛКЕНІМ БІР ЖЫҒЫЛЫП

Түбінде жүрегімнің сығылып,
Жатқандай сол біраз сырлар тығылып.
Құлазымын, сағынам ба мен сені,
Жүргендеймін желкенім бір жығылып.

Бір сырым бар түсінбеймін өзімде,
Асау толқын еркін алып сезімде.

Жүрегім сыздап есімнен мүлде шықпайсың,
Не бір жола құлатып оны жықпайсың.
Жүрсің сенде өкпе барма, мұңайып,
Менің де әрең жүргенімді ұққайсың.

Әділдікпен қараймын деп тағдырға,
Шыға алмадым өмірімде сан қырға.
Ұғын, жаным, шырғалаңға сені мен,
Салғым келмей қыйындыққа көніп ем.
Алдап жүрем өзімді-өзім, оңалмай,
Демеу тауып қоңсыма оң қона алмай.
Сезімімді сен жүресің қытықтап.
Қоясың да телефонмен құттықтап.

Махаббатың құрығы ұзын ежелден.
Сендей жанға сезімім сол кез келген.
Өзгердік деп топшылайсың екеуміз,
Ал менде қызмет қана өзгерген.

ТҮН ТҮНДІГІН ТҮРІП

Ұрыстық та,

Түн мезгілде келсең кіріп,

Қарсы аламын күліп.

Мен үшін жүрсің ғой сен

Түн түндігін түріп.

Сезімің сел боп тыя алмай,

Қояйын десең қия алмай.

Іңкәрліктен шараға,

Жұмыр жүрек сыя алмай.

Көрдің бе көп қасірет,

Сезіміңді жасын ет.

Сүйе білу байлығың,

Махаббатты асыл ет.



ЖҮРГІНІ **ТУҒАН КҮНІҢ...** ТҮТМ БІР

Туған күнің, ойдамын, нәрмен өлдімде нүт
Асыр ойран, нәрмен өлдімде нүт
Дуние тар, мен үшін нәрмен өлдімде нүт
Ғарыш ойран. нәрмен өлдімде нүт
Әлем біткен тарылып,
Тынысынан.
Жатқандай-ақ жалығып,
Ғасыл-тойдан.

Жалғызсырап көңілім,
Құлазиды.
Ойым он сақ безеді,
Құла дүзді.
Мен ойында бар ма екем,
Деп ойлаймын,
Кім отыр деп қасында,
Сұрақ жүзді.

Қандай өзі бұл деген,
Пендешілік,
Тағдырына тақуа,
Төзімшілдік.
Не өзгеге, не өзіне,
Қыймайтұғын,
Сараң көңіл тасыр-ау,
Өзімшілдік.

Өстіп өзіме-өзім,
 Ұрыстым да,
 Жазайын деп,
 Көңілдің құрысын да,
 «Сен» үшін деп бокалымды,
 Соғыстырып айнадағы өзімменен,
 Көтердім, сыр ұқтым да.

Ұққаным,
 Сені ұмыта алмайды екем.
 Тіршілігім,
 Таусылмас алдайды екен.
 Болмайды деп,
 Бүйтуге қайралнғанмен,
 Сенің бейнең,
 Санамнан қалмайды екен.



ӨЗІМШІЛДІК

Қайырлы түн!

Тыныштық серік болсын түніңізге,

Қуаныш толып тұрсын күніңізге.

Мені сүйген жүректің әсерінен,

Шаттықтың табы тұрсын үніңізде.

Жақсы түстен жақсы жору көріңіз.

Жақсы ойдан жақсы қиял өріңіз.

Өңіңізде сирек бірге боламыз,

Түсіңізде маған көңіл бөліңіз.

Қалай Сізге өзімшілдік ұнай ма,

Көңіліңе сәл нәрсені құрай ма?

Осындаймын, қызғанамын түсіңнен,

Артық кетсем кешіре сал, жарай ма?



СЕНЕН БІР СЫР ЖАСЫРУ МҮМКІН ЕМЕС

Бәрі неден басталғанын білесің бе?
Менің әлі кешедей жүр есімде.

Сыр ұқсам деп көзіңе мен қарасам,
Жайлап шығып кетесің күлесің де.

Жайлап шығып кетесің күлесің де,
Күлгіден не қалғанын білесің бе?
Менен сен өзіңе бір құштарлықты,
Білсең де білмеген боп жүресің де.

Құштарлық саған деген сөйілмеді,
Түсінем, қойшы айтпай-ақ кейіме енді.
Ерсі ісім қызық болып көрінетін
Не деген көл-көсір сол пейіл еді.

Мұхтардың ғашық жырын оқыдың ба,
Оқымасаң, өмірден тоқыдың ба?
Мен үшін бұл бір бөлек жыр болды ғой,
Түсінбес, қимас көңіл жақыным да.

Сенен бір сыр жасыру мүмкін емес,
Рас айтам, мойындаймын күлкім емес.
Айналдым кіп-кішкентай жүрегіңнен,
Жинаған сезімдерден тылсым елес.

ҚҰШТАРЛЫҚТЫ ҚОЙМАЙМЫН

Жүрегім сыздап кей кезде,
Бола жаздап ой кезбе.
Сені еске алып отырамын,
Жоспар құрып қатырамын.
Бармақ болып шартарапқа,
Өзіңмен бірге атырапқа.

Сонда сен бірге болса деймін,
Көңілге қуаныш толса деймін,
Бірге жүрген кездеріміз,
Мәңгі есте қалса деймін.
Менің арман мақсатымның,
Демеушісі болсаң дәйім.
Жанымның жайлау төрінде,
Жайдары жаз боп қалсаң деймін.

Мұның бәрі арман ба деп,
Жүрегіңнен жылылыққа,
Маған бір орын қалған ба деп,
Басқалары жалған ба деп.
Соны ойлаймын.
Сондықтан да саған деген,
Құштарлықты қоймаймын.

НІ ЖАСЫРАМЫН НЕСІНЕ

Аялап төксең мейірім,
 Еркінсіп сенің алдыңда,
 Бала боп кеткенімді.
 Ойымды қозғап дамытсаң,
 Шешілгеннен ақылгөй,
 Дана боп кеткенімді.
 Сен жайдары болсын деп,
 Думаны көп тынымсыз,
 Қала боп кеткенімді.
 Тарыла қалсаң ауанмен,
 Сағым қуған жазира,
 Дала боп кеткенімді.
 Көңілімді тауып елесең,
 Сарқырап, салдырап,
 Сала боп кеткенімді,
 Кейде білмей қаламын.
 Оңаша қалсам өзіңнен,
 Ұялып еске аламын.

Артық кетсем есіле,
 Саларсың, жаным, кешіре.
 Мұның бәрі сүйгеннен,
 Жасырамын несіне?!

ЖҮРЕГІМЕ МАҚТАНАМЫН

Оңашада ойға алып, сағынғанда,
Тұрып кетем орнымнан, бағым бар ма?
Ерекше бір күйге түсіп,
Құмарланып,
Бірге болған сәттерім,
Мұнарланып,
Аңсап сені мұңаямын.
Әйнектен қарап жолыңа,
Кетсең өтіп соңыңа,
Қарап үміттенемін.
Сен мені көріп,
Қол көтеріп,
Амандаспай кетті ғой деп,
Күдіктенемін.
Ал, сен жайма-шуақ,
Сезбейсің кей уақ,
Сырттан қарап тұрғанымды,
Сен үшін тек тірліктен,
Уақытымды бүрғанымды.
Өзің мен өзің еркелей басып,
Жан жағыңа шуақ шашып,
Қайтқаныңды,
Көз алмай қарап қуаттанамын.
Ал көңіліме сан түрлі ойлар түсіп,
Уақталамын.
Бірақ та оған шаттанамын.
Сендей жанға ынтық болған,
Жүрегіме мақтанамын.

АҚТАЛАМЫН

Өзімнен өзім оңашада,
 Жасап жүрген қылығым үшін,
 Сезімнен туған қызығым үшін,
 Сотталамын.

Солай болар десем-дағы,
 Сенен алған әсерлерден,
 Рахаттанып бапталамын.

Ал мен бірақ,
 Жүрек пернесін басқаным үшін,
 Жасандылықтан асқаным үшін,
 Сезімдер жолын қуалап,
 Құмарланған көңілдердің,
 Үніне үн қосқаным үшін,
 Сезімге зәру жандардың,
 Жолын тосқаным үшін,
 Ақталамын.

УАҚЫТЫМ ӨТТІ ДЕМЕЙМІН

Көктемнің шуақтарындай,
Сәуірдің ақ таңдарындай,
Арман мен бақыт өрілген,
Өмірдің бақтарындай,
Жастығыңды ойласам,
Сол жастық буларына,
Мен де бір қайнасам,
Туған күнді тойлап тұрып.
Өткен күнен,
Әрнәрсе ойлап тұрып,
Мен саған Бақыт тілеймін!
Шарап сезімге бойлап тұрып.
Сезімді қарсы алшы,
Мейірленіп жайнап тұрып.
Сол сәтте өткенге,
Өкінемін өкпелеп.
Қызық қой өмір шырғалаң,
Кездесем саған ертерек,
Жыр жазар ем төкпелеп.
Уақытым өтті демеймін,
Қолым жеткен шыңдағы,
Еңлік гүлге теңеймін.
Ризамын сол тағдырға,
Кездестірген, сақтаған,
Сендей асыл маржанға.
Кездеспесек не істер ек?
Сен де бір жат перизат,
Сезімсіз өткен мәңгүрттей,
Өмірден бізде өтер ек.

САУСАҒЫҢ ІЗІ ТҰРСА ДЕП

Саған бөлек жыр болған,
 Маған бөлек сыр болған,
 Жылжыған сол жылдармен,
 Айнымас асыл қырлармен,
 Сенің кішкене жүрегіңнен,
 Жылу сезіп жүремін мен.
 Шәрбатқа толы мен үшін,
 Айналдым, сол гүл ерніңнен.
 Ізім-ғайым үнсіз болған,
 Сезіміме күлемін мен.
 Масаңдау ма, марғау ма?
 Ерекше күйде жүремін мен.
 Өзіңменен сырым, жырым,
 Өргенімше өмір бұрым,
 Қазіргі ерек сезімдерім,
 Қайда болған солар бұрын?
 Сеніменен табысқалы,
 Жаңарды ма, жан мысқалы.
 Мен түрленіп шаршамаймын.
 Өзіңменен кездескендей,
 Сәттерді басқа аңсамаймын.
 Сенімен тек үндемей-ақ,
 Кездесуім болса лайым.

Әңгіме-дүкен құрмай-ақ,
Кеудеңе қойып басымды,
Ақырын тыңдап дүрсілін,
Жүрек-сырды асылды,
Жатар ем жұмақ күйде мен.
Тарағым келмей жүрер ем,
Сен сипаған шашымды.
Саусағың ізі тұрса деп,
Кездескен жандар «Мәссаған»,
Деп көңіл маған бұрса деп.



ЖИРЕК СЕНІ КӨРГІМ КЕЛЕДІ

Күмбірлеген жаныңмен
 Жолаушы болсам жанымда ең,
 Құйылған маған бұлақтай,
 Бірге атырған таңда да ем.

Беймаза жолда сағынам,
 Сезімге оймен бағынам,
 Құштар ғып қойған бір сырмен,
 Өмірге мына табынам.

Сен-дағы соны сезгендей,
 Жолаушы боп менімен,
 Жан сезімің кезгендей,
 Менің келерімді,
 Сырымды бөлерімді,
 Күтіп жүргендей боп,
 Осыны саған айт деді маған.

Дегенімді құптап ыммен,
 Бір ғана қарап ерекше сырмен,
 «Е, солай» деген екен ғой деп,
 Қалдырмай көңіл бекер ғой деп,
 Жымығаның.
 Жол жүрерде қимастықпен,
 «Жол болсын!» деп қиылғаның,
 Еске түсіп саған деген,
 Құштарлығым қылығыңа,
 Арта түсер бой бермей ырығыма.

Бірақ бір сәт абайлаймын,
Өзімді сенің орныңа қойып,
Жолыма қарайлаймын.
Сезімім егер алдамаса,
(Алдаса егер, далбаса)
Бір күрсініп оңашада,
«Сен мені жақсы көресің бе?»

Дегенім.
Ал, сен наздана маған,
«Көрмеймін» дегенің.
«Әне, мені жақсы көрмейді» десем,
«Маған көңіл бөлмейді» десем,
Осыны шын айта ма деп,
Тұрғандай бейне қайтала деп,
Еркелей қарап наздана,
Бір күрсініп азғана,
Иығыма қойып басыңды,
Жүрегімді тыңдағың келгендей-ақ,
Бейне бір зәбір көргендей-ақ,
Үнсіз ойға шоматынсың.

Есіңе түсіп көп жайлар,
Менің ыстық сезімімді,
Сезе тұра тоңатынсың.
Әйтсе де бірақ,
Басқа ойдан жырақ,
Кездескенде келесі,
Кеткендей өтіп елесі,
Айттырмай сезіп түйсікпен,
Жанымды оқып қоятынсың.

Сөйтіп жүріп байқаймын,
 Сұрақты басқа оятыпсың.
 Сүйесің бе дей тұрып,
 Сағынышыңды білгім келеді.
 Осының бәрін санаға,
 Түйесің бе дей тұрып,
 Құшағыңа кіргім келеді.
 Жайраңдап жүрген жаным деп,
 Жиірек сені көргім келеді.
 Сонда ғана басыламын,
 Бағаңды сол сәтте,
 Шырқау шекке асырамын.



САҒЫНҒАНДЫ СҮЙЕМІН

Сағым боп ұшып,
Сағынышым жанардан.
Күн сайын аңсап,
Көңілім күпті аларман.
Біреулерге сайын болған,
Дала арман.
Біреулерге дайын болған,
Қала арман.
Ал енді маған,
Жарқырап жүрген,
Наздана күлген,
Осылай шығар сұлулар деп,
Санама кірген,
Сен арман.

Осының бәрін,
Түсіне ме жүрегің?
Айтуыңша кей кезде,
Түсіңе еніп жүремін.
Мен деген сонда ерекше,
Сезіміңнен айналып,
Мақтанып мәз боп күлемін.
Мен болғандай тірегің,
Кенеліп бір бақытқа,
Сағынғанды сүйемін.

БІРАҚ ТА ШАРАСЫЗБЫН

Сүйем сені,
 Бірақ та шарасызбын,
 Берген ерік,
 Сезімге панасызбын.
 Ойымды,
 Не сиқырмен баурап алдың,
 Сен бар жерде,
 Жүрегім алаңсыз тым?
 Құштарлығым,
 Күн сайын түрленгендей,
 Әр қылығың,
 Мен үшін гүлденгендей.
 Мен болсам,
 Әрбір кешті күтудемін,
 Бейне бір,
 Тәтті сәттер түнге енгендей.
 Бұл да бір,
 Жұмбақ шығар шешілмейтін,
 Қызық қой,
 Сана-тұзақ кесілмейтін.
 Күнәлімін,
 Дей көрме оңашада,
 Уақыттың,
 Ісі жоқ қой кешірмейтін.

Жұмбақ сезім,
Қозғап бір сұлу әнді,
Тудырды,
Ала құйын шырғалаңды.
Көп қой,
Маған бергенің сезінші, сен,
Сеніменен,
Жаным – жаз, өмір – мәнді.
Тереңдеп,
Кеткені ме мұның мәні,
Сен жоқта,
Көңілсіздеу жиын сәні?
Сен жоқта,
Жетімсіздеу айтылса егер,
«Көңіл сыры»
Көңілсіз, қиын әні.



**ӨЗГЕРМЕДІ СЕНІҢ ТЕК
ЖАН ШУАҒЫҢ**

Жауқазын қар астынан ашылғанда,
Төбедең үркер төмен асылғанда.

Өмірің лептей болып көктемдегі,
Шапағат боп маңайға шашылған ба?

Кез болдың мен арындап басылғанда,
Басымнан жылдар өтіп тосылғанда.

Ойыңа түсіп қана жүрсем болды,
Сен тасып, арнаңнан тыс жосылғанда.

Демеушім, жаным сыздап осылғанда,
Кім түсінбес, қадір беріп бас ұрғанға.

Тілеулес болар бір адам бар еді деп,
Жүрерсің жасыңа жас қосылғанда.

Өмір даңғыл емес қой, бағым бар ма?
Кімдер жолдас болмады тағым барда.

Өзгермеді сенің тек жан шуағың,
Кім біледі сезімнен бағым бар ма?

Сар даланы кезетін сағымдар да,
Өрекліген асығыс адымдар да.

Тоқтаған, жан ұғар жайсаңдарға,
Бір қалыптан айнымас қайсарларға.

Сол жайсаңдар сөз емес қылығымен,
Ой түсірген көркеуде аусарларға.

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ

Жігітке көп керек пе бұл ғұмырда,
Жүрсе болды қанумен кәусарларға.
Жылы сөз көңілменен жетіп жатыр,
«Жаным менің, сен ғана!» дей салғанда.

Соның бәрі сенде ме деп қаламын.
Қажырыңмен ұштасқан ой-талабың.
Нәзік сезім, қылықтар сенде өрілген,
Соның үшін алатын бұл шарабым.

Тілеймін бар бақытты сенің үшін.
Амандық пен саулықты денің үшін.
Ал адамға бақыт па? Сәл нәрседен,
Ешкім әлі шешкен жоқ оның күшін.

Біреулер бақ дегенді тақ деп білер.
Ол болса арман-мұңым жоқ деп білер.
Біреуге білген бақыт басқа жанның,
Сен деп қана жүрекке соқ деп тілер.

Сондайды сезіп жүруіңе,
Жайраңдап күлуіңе,
Денсаулығың мол болып,
Бақытты өмір сүруіңе,
Көңіл көркін білуіңе,
Сезімге сергек кіруіңе,
Жүрегіме сыбырлаған,
Құлағыңды түруіңе,
Тілектеспін!

Жасыңа жас қосылсын!
 Асыңа ас қосылсын!
 Қимағанмен бола ма,
 Басыңа бас қосылсын!
 Штатың қысқармасын!
 Достарың тыс қалмасын
 Ойлап қойған шешіміңді,
 Басқа жандар басқармасын.

Пейілің ортаймасын!
 Көңілің қартаймасын!
 Ұнатқан жаның бар болса,
 Шал болып балпаймасын.
 Ақылменен жүріп-тұрып,
 Фигурасы жалпаймасын!
 Қалдырсаң да көңілін,
 «Бақытты бол» деп айқайласын!

Арманың тоқтамасын!
 Көре алмас оқ оқтамасын!
 Аналар сөйтіп жүр екен деп,
 Өсекшің болса оттамасын!
 Әумин!!!

**ШЫДАМАДЫМ,
ЗВОНДАДЫМ**

Шыдамадым, мен саған звондадым,

Ойыма сәл нәрсе кеп қызғанғаным.

Япыр-ау! Сен де мені ұмыттың ба,

Көңілге медеу тұтқан қызғалдағым?

Көңілге медеу тұтқан қызғалдағым,

Өткенді ұмытқандар сызған барын.

Құштарым саған деген нүктеленер,

Сезген күні мен сенде ызғар барын...



**МЕН САҒАН ҚАЛҒАНМЫН БА
БАУЫР БАСЫП**

Мен саған қалғанмын ба бауыр басып?
Таразының сен жағы ауыр басып.
Сені ойладым сенсіз жол шеккенімде,
Еске түсіп жүргенім көңіл тасып.

Қасымда сен жүргенде алаңсыз ем,
Табылардай жаныма қалаусыз ем.
Түсіме жиі кіріп жүрсің, жаным,
Сенсіз өткен күндерде балауыз кем.

Түсімде жүр екенсің ренжіңкіреп,
Бірақ та өз үйіңде көңіл-тірек.
Табалдырықта отырсың кіріп барсам,
Анашың қарсы алдыңда ақыл-тірек.

Әкешің мені ертіп барған екен,
Күн дауыл, көше құйын, салқын екен.
Есікті мен ашқанда сен отырған,
Ол кісі менен артта қалған екен.

Сені көріп кім тиді деймін саған,
Жәй ғой деп тұрып кеттің кейіп маған.

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ

Мен жоқта қаяу көңіл сыр берді ме,
Түсіме кірмеуші едің бүйтіп жаман?

Бұл өзі жұма күні болатұғын,
Көңілге алаң кірді солатұғын.
Телефон шалып едім бос болмады,
Ең болмаса хабармен толатұғын.

Түйдің бе ой, аз күн бірге жүргеніңде?
Аз болды сауық-сайран, күлгенің де.
Сенсіз менің өмірім жалғасса егер,
Ортаюмен көңілім өтер күнде.



МЕНДЕ ЖОҚ ҚОЙ ЖАСАНДЫЛЫҚ

Менде ме? Жоқ қой тегі жасандылық,
 Сенен көрдім іздеген әсем қылық.
 Сондықтан да алдыңда аласамын,
 Әйтпесе, Жаратқаным жаратқан асау қылып.

Менде ме? Жетеді ғой өзімшілдік,
 Кей кезде жетпей жатар төзімділік.
 Сен менің қызығымсың, қылықтымсың,
 Бір сәтте отырғанда сөзімді іліп.

Көрсем деймін түсімде көзімді іліп.,
 Көрінбейсің көрсетіп төзімділік.
 «Мені ойлады дейсің бе?» деп кейісем,
 Түске енесің көрсетіп сезімділік.

«Ақын мен бала тектес» деп айтады,
 Ақын қайда, мен қайда – көп айтады.
 Еске алсам бірге болған сәттерімді,
 Кей кезде байқайсың ба? Жөн айтады.

Сен көңілденсең көңілім шалқымай ма?
 «Жаным!» деп құшсаң егер балқымай ма.
 Соның бәрін сен бердің, білесің бе,
 Таңданба оған, сезім сел толқымай ма?

ЖАРЫЛЫП АҒЫМНАН СОЛ АҚТАРЫЛСАМ

Жарылып ағымнан сол ақтарылсам,
Арзан болып өзіңе қарап тұрсам.
Ол менің саған деген құштарлығым,
Теңеумен тәтті сөзге балап тұрсам.

Жайлауысың дара қонар жанымның,
Сен бөлшегі болып кеттің барымның.
Бұл да менің өзіңе құштарлығым,
Нәр алды ма? Бір түйірі қанымның.

Сағынамын жанымда тұрсаң-дағы,
Шөлдеп қалам жап-жаңа құшсам-дағы.
Ол менің саған деген құштарлығым,
Қызғанамын басқаға сөз бұрсаң-дағы.

Күздікі ме – жанымда мұңды жыр бар,
Алыстан көрінетін сырлы нұр бар.
Соның бәрін серпуге маған, жаным,
Сенде ғана мен үшін асыл сыр бар.

.. СЕН БЕ СЕН...

Сен бе сен – бөлексің ғой басқа қыздан,
Салыстырды мені деп мейлің қызған.
Қызғаныш та керек қой кей сәттерде,
Қызғанышсыз құштарлық көңіл бұзған.

Сен бе сен, бөлексің ғой басқа елден,
Сенен соққан сезімдер маған келген.
Мен деп соқса бір мезгіл сағынышпен,
Жүрегіңнен айналдым орын бөлген.

Сен бе сен, бөлексің ғой басқа адамнан,
Тағдырым бөліп алған басқа жаннан.
Сондықтан сен жабықпай жүрсе екен деп,
Сәттілік тілеп жүрем атқан таңнан.



ЖАР МАҒАН БАҚЫТ... СОЛ
АҚТАРЫШСАМ

Жаңа жылда мұңаймаған дұрыс-ты,
Сені көріп бар қызығым ығысты.
Маңайыңа әсер етер бұл жайың,
Әсіресе көңіл күйге жұғысты.

Сезесің бе, сен соны сезесің бе,
Мен секілді сан ойды кезесің бе?
Сезсең егер мұңыңды көрсетпегін,
Тағдырдың сыйына сол төзесің де.

Жаңа жылда мұңаюға болмайды,
Бір-ақ күн ғой, ертең орны толмайды.
Маған бақыт жадырап сенің жүргенің,
Сонда ғана сезім селі солмайды...



БОТАМ

(«Бұлбұл құсым» әніне жазылған)

Өзіңді ойлап аңсап,
Алаңдаумен шаршап,
Алыстағы үмітімдей.
Кездескелі саған,
Қанат бітіп маған,
Жүрмін, жаным, мен өкінбей.

Саған деген махаббатым,
Келседе кеш, ботам,
Қуаныш боп маған атың,
Арман берді, ботам!

Алшақ болып ара,
Біздер жүрміз дара,
Тағдырдың бір сынағындай.
Ұнатқалы сені,
Қиял тербеп мені,
Көңіл көктем құрағындай.

Шек бар ма екен махаббатта,
Ойланғаным, ботам!
Сендегі бар сезімдерге,
Тоймағанмын, ботам!

Арнап саған жырды,
Жасырмаймын сырды,
Болып кеттің демеушімдей.

Бірге жүрген күндер,
Куә тылсым түндер,
Болмасын тек елесіңдей.

Қимас жанның махаббатын,
Түсінерсің, ботам!
Еске алғанда салтанатын,
Күрсінерсің, ботам!
Осы ән менің махаббатым,
Есте қалсын, ботам!
Шырқалғанда ән қанаты,
Бақыт қонсын, ботам!



СЕЗІМІНДЕ ҚАЛМАСЫН ТЕК ІЗДЕРІ

Көңілденіп күлкіге бір көмілген,
Кездерің бар өмір-өлең өрілген.
Сол кездерде жарасады саған тек,
Еркелеп бір ақмаралдай керілген.

Сол кездерде әдемісің сен бөлек,
Құбылғанда қылығыңмен еркелеп.
Сол кездерде мөп-мөлдірсің мен үшін,
Таңғы шықтай тұнып тұрған ертерек.

Құшақ ашып жаның сенің жайдары,
Олар кетер қиял қуып қайдағы.
Кей кездерде шарасыз боп үркесің,
Еліктейін қауіп күткен сайдағы.

Көңіл қошың болмай тегі сырға мұң,
Ашылшы деп сезім жырлар жырладым.
Мен туралы айтса біреу жала сөз,
Соны қалай күдігіңе бұрғаның?!

Алмасып тек таразысы екі ойдың,
Неге оларды жарастырып қос қойдың.
Сезіміңде қалмасын тек іздері,
Күдік пенен сенім салған атойдың.

Менікі-дағы өзімдік қой беймәлім,
Кінәлідей көңіл құрақ жайғаным.
Мүмкін менен басқа жандар бар ма сол,
Бұзып жүрген көңіліңнің қаймағын.

СҮЮДІҢ МӘНІН ТҮСІНДІМ СЕНЕН

Дауысыңды сенің сағындым, еркем,
Сезіну сені болады көркем.
Шымырлап сезім, сыздаса егер,
Жұмақтың бәрі болардай ертең.

Сезесің сен айттырмай бәрін,
Дөп басып сол жүректің нәрін.
Лебізің сенің жаныма жақын,
Береді маған өмірдің сәнін.

Дей бергім келер, жаным, деп, жаным,
Бойымда тулап бір ыстық қаным.
Сән сыйлап маған жыр құйған жаным,
Болғандай жақын аяулы таңым.

Құштарым саған күн сайын асып,
Бала боп кейде жүремін тасып.
Сен барда менің жайлауда жағам,
Жоқ болсаң бір сәт қаламын жасып.

Кетпеші, жаным, қияндап шетке,
«Қызғанған мені несі?» деп сөкпе
Мен сені аңсап таппаймын маза,
Осының бәрі болмайды-ау текке.

Сүюдің мәнін түсіндім сенен,
Сезімде сендік жүзіп бір кемем.
Тілеймін әр кез осындай күйді,
Өзіңде, жаным, тапсаң деп менен.

КЕЗ БҚ. ӨМІР-ӨЗЕН ТАТЫМ

Сағым жылдар өтеді тербетіліп,
 Өткен күнге белгілі өрнекті іліп.
 Ғұмырға келер жарқын үмітпенен,
 Жасаудасың әдемі көрнекілік.

Сезімі шат, жүрегі адамшылық,
 Осы жанның көңілін, адам, шын ұқ.
 Тәрбиесі ұрпаққа ізгілікпен,
 Нәрін көріп өнерден тамам қылық.

Жалғыз тал, нәзік өзі қуатты-ақ,
 Уақытын жеткізеді уатып ап.
 Ол жүреді шыр-пыр боп үмітінің,
 Көрсем деп болған шағын суат бұлақ.

Халқына жараса деп талабы сол,
 Қуанса деп менімен алабы сол.
 Тілеген қайсар Ана қара қыздың,
 Соңынан ертіп қана барады сол.

Тілекке жеткізеді өмір-өзен,
 Бәрі де артта қалар қилы кезең.
 Шүйкедей қара кемпір: «Боташымнан
 Басталған» деп отырар сырлы кезең.

СҮЙЕМ ДЕЙСІҢ ТЫНЫШ ЕДІМ...

Ұмытам деп мен сені,
Талпынамын,
Бірақ та өзгермеген,
Қалпымдамын.
Келмейді өзіме-өзім,
Менің шамам,
Бұл не деген құдірет,
Жетпес санам?!

Сүйем дейсің,
Ешқайда кетпе дейсің,
Қарсы емен,
Тұрмысыңа епте дейсің.
Жап-жас боп,
Сізге ғашық болғанымды,
Бағалашы,
Жіберме текке дейсің.

Оның рас,
Жап-жассың жарты өмірге,
Айтшы неге,
Ынтықсың сал көңілге?
Тыныш едім,
Неге дауыл әкелдің,
Қайта алам ба,
Ойлансаң салт өмірге?

Күнде **КЕЗ БОЛДЫҢ АРАЙ БАҒЫМ**
 Қаным *(«Айтылмай қалған ән» әнімен)*

Сен болып арман әнім,
 Өр таңды қарсы аламын.
 Жалғасар қуанышым,
 Сезгенде жан самалын.

Тағдырым сені сыйлап,
 Сынайды мені қинап.
 Сағынып еске алғанда,
 Жүрмін әндер жинап.

Шырағын басқа жанның,
 Жағарсың қалай, жаным?
 Келгенде күзі өмірдің,
 Кез болдың арай бағым.

Махаббат мекендеген,
 Құпия неткен кен ең?
 Өр таңым атты, жаным,
 Тек саған жетем деумен.

Өтті деп ғұмыр жарты,
 Сезімсіз із жоқ арты.
 Өлшенген ғашықтықпен,
 Өшпейтін өмір нарқы.

ҚАЛМА БІРАҚ СЕЗІМІҢНЕН

(нәміне «ЖАЛЫҒЫП» деген атпен)

Екі бестік екі түрден құралған,
Беймәлім шақ, не күтіп тұр алдан?
Бір бестігің есте қалса бала боп,
Екіншіңде түс ауғанда тұр арман.

Жастығыңа жабысқанмен бола ма,
Одан бірақ опық көңіл тола ма?!
«Тағдырыма ризамын» - деп жүріп,
Жан шуағың, әйел сыры сола ма?!

Не деп кеттім? Көңіліңді ауламай,
Маған деген сезіміңді дауламай.
Екі бесте жанып тұрсың мен үшін,
Сүйсе жүрек неге тұрсын лауламай?

Жалын шығып сезіміңнен ынтыққан,
Өткен күндер белгісі жоқ сыр тыққан.
Бақытты жан боп көрінсең де, кей уақыт,
Мұңың шығар жүректегі жыртықтан.

Өмір саған сыйлап жүрсін қуаныш,
Ұрпағың ғой, ұрпағың ғой жұбаныш.
Немерелер әрқайсынан бір төбе,
Сізге деген шектелмесін сұраныс.

Жылдарменен жас қосылсын ағылып,
Қалма бірақ сезіміңнен жалығып.

Күндеріміз бірге жүрген бір сыр ғой,
Қамықсаң да күлімсіре сағынып.

Сол кезде тек, сол кезде тек, толқышы!
Келгендей боп жүрегіңе жыл құсы.
Сезімнің сол селі жүріп бойыңда,
Арманыңа мақсатыңа ұмтылшы!

Сонда ғана белгі болар күндерден,
Болармыз біз пенделердей үлгерген.
Егер ондай сезім деген болмаса,
Бірге болған күндеріміз далбаса...

Алдыңсың,
Сұлу, тағдыр, еткен,
Жарқайсың,
Сенімдім, сәт, сүйен,
Хат жаздым,
Сағындым, бітім, жүйе,
Көңілденім?



АМАЛЫМ КӘНЕ, АМАЛЫМ

Алтыным менің, алтыным!

Жабырқамайтын жарқыным.

Сезімі сергек, ойы ұшқыр,

Маңайды шарпыр жарқылың.

Мені сүйген, сағынған,

Жүрегің шығар жалыннан.

Сол жүректен айналдым,

Мен үшін қаққа жарылған.

Амалым кәне, амалым?!

Сағындырды самалың.

Ойға алмаған сәтім жоқ,

Көз алдымда жамалың.



ҚАНДАЙСЫҢ

Қиян шетке кетемін бе,
 Кездеспей,
 Сағынышты басамын ба,
 Жүздеспей.
 Алшақтап сол бара ма әлде,
 Арамыз,
 Қашқақтаумен Сіз бенен
 Біз деспей.

Тәтті сөзбен әркез де сол,
 Алдайсың,
 Суысуға әрекет еткен,
 Жандайсың.
 Сағындым деп, сүйем дейсің,
 Хат жолдап,
 Сағынышты баса алмайсың,
 Қандайсың?!



КӨЗІМДІ АШЫП...

Көзімді ашып сағындым,
Сен деген ойға бағындым.
Отбасым және сен деген,
Сезімге екі жарылдым.

Солайсың сен де білемін,
Балаларың тірегің.
Махаббатым, ғашығым,
Жүрші аман – тілегім

Арайлы боп әр таңың,
Орындалсын арманың.
Құлпырып күн сайын,
Шуақты болып жан жағың.

Уақытқа мына бағынып,
Жүремін әр кез сағынып.
Сағынам мейір құшақты,
Қаламын сонда қамығып.



ЖАТЫРМЫН ҮНСІЗ...

Махаббатым дегенге мастанып,
 Жатырмын, жаным, шаттанып.
 Аспанда тұр бөрігім,
 Алтыным менің, көрігім.
 Алам ба деп бұзып сезімін,
 Жатырмын үнсіз көзірім...



ТЫНЫШ БОЛСЫН ТҮНІҢІЗ

Тыныш болсын түніңіз,
Жарқын болсын күніңіз.
Әдемі боп әрқашан,
Мендік боп қана жүріңіз.

Әдемі өмір сүріңіз,
Көп тағылым біліңіз.
Қанша уақыт өтсе де,
Бұзылмасын сыныңыз.

Тұрақта мендік тұрыңыз,
Ашылсын маған сырыңыз.
Шынайы сезім мендік боп,
Артып жүрсін құныңыз.

Өзімшіл кейде біліңіз,
Көңіл менен түріміз.
Сізді сүйем, әйтпесе,
Көп адамның біріміз.

Көрем жақсы сеніңіз,
Жақсы көңіл бөліңіз.
Жек көрмейсіз сіз-дағы
Оны айтады көзіңіз.

АРУДЫ ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймын мерекеңмен, асыл жан,
Шаттық көңіл арылмасын басыңнан.
Әдемі бол, қылықты да мейірлі,
Тұрсын бақыт шуақ шашып қасыңнан.

Ақ пейілің шығып жүрсін алдыңнан,
Адамдығың, жақсылығың әр қылған.
Аман болсын бауырлар мен ұл-қызың,
Болашақта көрінсін тек сан қырдан.

Қуанышқа кенеліп жүр әрқашан,
Жан толқысын сезіміңді шайқасаң.
Көктем күңдей сарқылмасын қуатың,
Тойменен тек шаршап жүргін, шаршасаң.

Мерекеде жаның жүрсін жадырап,
Ақ жүзіңді нұрға бөлеп атырап.
Ырысың мен денсаулығың мол болсын.
Қалғандарын табасың ғой сатып ап.

Менен ниет осылайша өрілді,
Сізге тілек әлі де аз боп көрінді.
Қабыл алғын құттықтауды, сыйлас жан,
Ойым Сізге құрметпенен бөлінді.

ТЫҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН...

Махаббат осы шығар біз білмейтін,
Жер ортасы ауғанда көзге ілмейтін?
Жан дүниеңе қарасаң құпия сыр,
Жағдай көп еріксіз тіл күрмейтін.

Көз ашам сеніменен таңғы арайда,
Ұйқыға да кетемін түн сарайға.
Сені ойлау әр сәтімде жанға рахат,
Осылай тұмарым бол әрі қарай да.

О, шіркін қандай ғажап сүю деген,
Бір жан үшін естелік жию деген.
Елес қуып қарамай сан жайға сол,
Алтын уақыт, мезгілді қию деген.



«ӘКЕТЕМ» ДЕ...

Көтермейсің телефон керек кезде,
Сезіміңе не болды ерек өзге.
Жарты сөзден түсінер алғыр едің,
Естімейсің қоңырау көрер көзге.

Сақ едің, сергек едің берер сөзге,
Кім салды мұндай күйге, қандай тезге?
Көз кетіп, құлақ қалып, жап-жас болып,
Біз онда қандай күйде, аманбыз де!

Бұл күнде бақылауым күшті менің,
Шыға алмаймын сылтау жоқ бітті демім.
Ұлардай кемпірменен бала шулап,
«Қайда?» деп шығуға да бөгелемін.

Сондықтан үйге келіп сұрап алшы,
Сылтауды сенімді бір құрап алшы.
«Мен оны сүйемін» - деп «Әкетем» - деп,
Отанамның зәресін сол бұрап алшы.

КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ

Көршінің қызы ашық екен жайдары,
Түсер ойға қайдағы мен жайдағы.
Әзілі де тамаша екен орынды,
Дөп түскендей түйсігіңе ойдағы.

Шашы қандай сұлу өңмен жарасқан,
Қос қабағы нәркес көзбен санасқан.
Алма мойын аршын төске жалғасып,
Маңдайына төгілгендей бар аспан.

Керме иық сұлу мүсін мұндалап,
Көз қиықты тартады екен ұрлап ап.
Белден төмен дөңгелеп, аяқ түзу
Әсем екен жүрісі де сырғанап.

Толысқан шақ кемелінде тұр екен,
Көре білсе сан адамға жыр екен.
Мен келгенде келіп жүрші, қарағым,
Сеніменен әрленеді бұл мекен.

Қолы мол сол, дәмі тәтті, жетімді,
Сөз де айтады орныменен өтімді.
Көрші қыздың пейілінен сезгенім,
Бәрінен де жаны сұлу секілді.

САҒЫН САҒЫНЫШ

Сыныққа сылтау табылып,
Жоқ нәрсеге шабылып,
Жетпейді екен уақыт,
Өзіңе деген бағынып.

Кетем кейде сағынып,
Арасында қамығып.
Сияқты осы жақсы да,
Келер күнге жанығып.

Аз нәрсеге тарығып,
Көп нәрсеге жалығып.
Жүргеніміз сезімге,
Қалғанбыз-ау бағынып.

Іздеймін көңіл сабылып,
Ойым да әлек жабылып.
Күйдемісің сен де осы,
Сағынып жүрмін сағынып?

Жалғанды жердегі жаным, асық болып,
Тажарығып, пәлжіге қамал болып,
Бесіме сүйсініп жазғандықым,
Сыныққа ұластырып тұр сағым Тұрағым.

КЕҢІШ МҰҢДОРЫ

Жаның неге құлазыды мезгілсіз?
Деп қоясың өзіме де белгісіз.
Өткен күннің сағынышы мұң болып,
Торлаған соң уақыт деген көңілсіз.

Көңіліңді көз жасыңмен тазала,
Реніш болса қайратыңмен жазала.
Бәрі-бәрі жақсылыққа деп қойып,
Жүрегіңді қуанышпен мазала.

Маған-дағы әсер етіп күй-жайың,
Ойға түстім жиырылып маңдайым.
Басыңды сол сүйеп көрсең иығыма,
Жазылар ма кермек келген таңдайың?

Жаның күз боп неге оралдың алыстан,
Ауыр ойдан қажыдың ба алысқан?
Уақыт шіркін қуаныш та сыйлайды,
Көріп пе едің мәңгі мұңды жабысқан.

Қолы мап ең ізімді қатты, көзімді,
Сен де ең ізімді, ақылға таянбады,
Қандайды дамып, қай неге ең ізімді,
Бәрінен де жазылып, қысымды.

САҒЫНҒАНДА СОҒЫП ТҰР САМАЛ БОЛЫП

Сан жылдар өтсе-дағы арамызда,
Көктем құсқа айналып барамыз ба?
Балдәурен сағым болып кетсе-дағы,
Мәңгі белгі салған ғой арамызға.

Сен едің аққу құстай қалықтаған,
Арманың Тәңір көкке қалықтаған.
Сені сүймеу жалғанда күнәшілдік,
Сондықтан жүрегімде алып қалам.

Үздігіп құмарландық, мұнарландық,
Махаббат сен үшін деп жыр арнадық.
Сол сезім болу үшін санамызда,
Сен менсіз, мен сенсіз боп сыңар қалдық.

Нәзік ең, өр мінезді басың биік.,
Сол үшін құлап едім басымды иіп.
Махаббат саған, жаным, берешек қой,
Өйткені тартып едің содан күйік.

Жалғанда жүрші, жаным, аман болып,
Тағдырыңа періште қамал болып.
Есіме ерке мінез көңіліңмен,
Сағынғанда соғып тұр самал болып.

ҚОШ ЕНДІ...

Аракідік түскен кезбен есіңе,
Алсаң егер әуре болдық несіне?
Менің сені жақсы көру ниетім,
Жаратқаннан бұйырған тек несібе.

Шын көңілмен беріліп ем егіліп,
Сені ойлап күндіз-түні емініп.
Жақсы болды, алақұйын көңілмен,
Кетпегенім саған қатты телініп.

Жүруші еді көңілім сол семіріп,
Ара сезім мәңгіліктей көрініп.
Біраз жылдар сырласымдай болып ең,
Сақта, құдай, кетпейінші жерініп.

Жақсы көрудің құпия бір ғажабы,
Қатар жүрер рахаты мен азабы.
Сол сияқты жек көруде дейді ғой,
Мағынасыз өткен күн боп тозағы.

Болса таныс оңымыз бен солымыз,
Болмас іске созылыпты қолымыз,
Несіне мен өкпе артамын бөтенге,
Бір арнаға тоғыспайтын жолымыз.

Қалам деп ем адал болып сезімге,
 Ойран етер отбасымды кезім бе?
 Сен де осындай ұстанымда екенсің,
 Деп ойладым болармыз бір төзімде.

Жасырмадым ойымды айттым өзіңе,
 «Иә» - дедің сеніп тұрдым сөзіңе.
 Сені аялауға менде сезім жететін,
 Сүйеу болар қуаныш-реніш кезіңе.

Қош бол енді, аман жүргін шаршама,
 Тағдыр жолы табыспаған қаншама.
 Есіңе алсаң сезімімді құрметте,
 Деп жүрмегін «Кім едің сен соншама?»

Иә, рас, бұлдайтыным жоқ менің,
 Міндетің де, берешегің де жоқ сенің.
 Бірақ-тағы ортамызда біздердің,
 Болмап па еді жарастықты мол сезім.

Соны шіркін, сақтасам ұзақ деп едім?
 Өбектеп-ақ сезімді ортақ демедім.
 Құн бола ма бір-ақ жақты сезімде,
 «Жарай маны» үстірт мүмкін еледің.

Жан едің сен ашық күндей ажарлы,
 Әр кездесу болушы еді базарлы.
 Сені тыңдау спектакль секілді,
 Көгермен мен сөзді бұзбас таза арлы.

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ

Маған қызық болатұғын қылығың,
Сыр айтқанда лайланбайтын тұнығың,
Ортақ еді екеумізге реніш пенен қуаныш,
Оны айтасың сырқатың мен сынығың.

Соның бәрі сүйгендіктен болатын,
Сәтсіз сөзде тәп-тәтті боп қонатын.
Қылығыңнан әдемілік тауып ап,
Талғамыма көңіл шалқып толатын.

Бірақ мұның білмедік пе қадірін,
Сөйлесу мен смс жолдау – бәрі мұң.
Жауап күттім алаңдаумен апталап,
Түсінбепсің, жан емеспін жаны мың.

Егде жастың естелігі сен едің,
Сырлас болдық – бес жыл мені демедің,
Соңғы кезде мүлдем кеттің өзгеріп,
Суып кеттің селсоқ қана еледің.

Соқпа жаннан жаңың жаурап жүрді ме,
Басқа жандар ортамызға кірді ме?
Бірақ олар мендей болып бермейді,
Жан жылуын, оң пейілін, түрді де.

Орның бірақ менің үшін бөлек боп,
Қалар мәңгі еске алуға керек боп.

Соңғы аялдама, кемесінде сезімнің,
Есте қалар өмірімде ерек боп.

Ішкі қуат жасқа тіке тәуелді,
Болғаннан соң күші болмас әуелгі.
Мүмкін әлде жүнжіді ме сезім-сыр,
Сенен емес, болсам етті мен игі.

Жақсы күнде жолығайық ендеше,
Тілектес бір қимайтұғын пендеше.
Бар қызығын көріп жүрші ұрпақтың,
Есен-сау боп жасың жүзге келгенше.

Кездескенде күліп келіп амандас,
Болып ед деп, тілеулес бір замандас.
Шашыңды иіскеп, ағаң болып елжіреп,
«Өткен күннен жан ед» дермін аралас.

Болса-дағы алай-дүлей от сезім.,
Білдірмеспін қалса егер нақ төзім.
Көз алдымнан өтер кино лента боп,
Сенен де өтер бірге болған бақ кезің.

Аяласа болар ма еді жалғасы,
Жо-жоқ, енді болары тек далбасы.
Ұлғайғанда тұңғыыққа батпаудан,
Сана-сезім, өзің ғана қорғашы.

Мен өмірді «Сен» деп сенімдімін,
Болмаймын «Ан» деп өзімді.

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ

Рахмет саған, ғашық болған жүрегім,
Көктем сайын сезім болды тірегің.
Жауап алып күз кезінде қуанып,
Жаны жақсы жандарменен түледің.

Қош енді сол, махаббатым-сезімім,
Рахмет саған, осы жолда төзімім.
Он үшімде басталып ең, жетпісте,
Тоқтамасаң егде жасқа өзі мін.



**СЕН ЕКЕУМІЗ
БАҚЫТТЫМЫЗ ЕНДЕШЕ**

Екеуіміздің тағдырымыз бірлесіп,
Домбыраның қос ішегіндей үндесіп.
Бақ пен қайғы алма-кезек алмасып,
Келеміз біз өмір-өзен, күн кешіп.

Тағдырымыз қызық, шыжық көрсе де,
Бір қалыптан айнымадық өзгеше.
Ұстап қалдық адамдықтың ақ туын,
Сен екеуіміз бақыттымыз ендеше.

Ұмтылмадық байлыққа да екеуіміз,
Атаққа да, мадаққа да екеуіміз.
Бұйырғанға «тәуба» деумен келеміз,
Ұшырамай мазаққа да екеуіміз.

Құдай бізді құр тастамай әрқашан,
Демеп тұрды сан сатыда, байқасаң.
Алла ырзығы алдан шықты қиында,
Артық болса шектеп қойды ойласаң.

Үлде-бүлде талап етіп жатпадың,
Қанағат қып қолда барды баптадың.
Көзің сүзбей басқадағы байлыққа,
Арды ойлап, ұстамдылық сақтадың.

Мәні өмірдің «Сен» дедің, сен «Отағам»,
Болмай кезің «Ай, кәпір» деп атаған.

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ

Көре алмастың пікіріне «Антейдей»,
Қозғалмадың, маған сендің, «Отанам».

Маған сендің, маған сендің, «Отанам»,
Кез болса да буынымнан отаған.
Күрсінсек те бірге шықты деміміз,
Бірге жүрдік Күнге күлген жотадан.

Осының бәрі болғаннан соң сенісу,
Сеніскен соң, бөгет емес теңіз, су.
Сезім патша, махаббат сол бар жерде,
Сөз емес-ау кірбің болса келісу.

Ғашық боп ем бала жаста, босағам,
Алдамапты, алдамапты Жасаған.
Елу жылда бірге жүрген жолымыз,
«Шүкір, Алла» болсыншы тек бас аман.

Елу жылда біте қайнап көңілім,
Өзіңменен жетпіс үште өмірім.
Жыл сайын, сен, сұлуланып барасың,
Тарқалған соң «ұрпақ» болып өрімің.

Сол өрімнен Айдос ерте үзілді,
Алаңсыз ек – қайғы-өкініш түзілді.
Өмір осы – бақ пен мұңы алмасқан,
Болмайды екен жақсылықпен бір ізді.

Енді тілек – бір көрейік қызықты,
Келер күнге ой мен қиял қызыпты.

Аман болып ұл-қыз, келін, немере,
Жазсын Алла қуанышты сызықты.

Сеніменен қарттығымда мән болар,
Жүгім аумай, өмір жолым тең болар.
«Абыз ата» атануға, кемпірім,
Бірге жүріп, бір қартаю жөн болар.

Маған сенің көлеңкең де ем болар,
Балаларға мейірімің дем болар.
Тілеуің мен ниетіңнің өтеуі,
Әлі ақ өсіп, тілеушісі Ел болар.

Сен отырсаң бала, келін тең болар,
Сенсіз менің бір қызығым кем болар.
Ақжаулығың ақылыңмен жалғасса,
Сонда ғана «шақар шалың» ер болар.

«Алтынқұрсақ» келіндерің кең болсын,
Алғыс алып көңілдері көл болсын.
Ұрпағымыз өсіп, озық санамен,
Дәулеті мен рух байлығы сел болсын.

Қазынакеуде қарттығымыз жарассын,
Жылдар өтіп жетпіс-сексен қыр ассын.
Тоқсан үшке келіп қайтам фәниден,
Сен қайтуға менен кейін жыл ассын.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
Оралған махаббат	5
Ғашықтықтың сырларына аз қанық	6
Сезіміңнің сесі артық	7
Аман-сау боп айналам... ..	8
Бар ма сенің періштең... ..	10
Өтеуге аз... ..	11
Сағынып жүр едім	13
Күнім аз сыйлаған қуанышты	14
Сезіміңе менің жоқ таласым да	15
Сағынып сені мұңданатын	16
Мекендеймін	17
Сен болдың эталоным	18
Аңсап жүремін	19
Жол болсын деп... ..	20
Сені іздедім	21
Қосшоқы	22
Қызғансаң – ол сезімді оятқаным	23
Сағынып келем сені көл айналып	24
Түсімнен сен шықпайсың	25
Сарғайып күз келгенде жабығып	26
Түсіну жамалыңнан аңсағаным	27
Жақсымды менің асырғаным	28
Аса алмай сезіміңнен басарсың ой	30
Санам кетті сенімен араласып	31
Шуағыңды сағындым	34
Сезімге селкеу түсіп салқындадың	36
Сағындым	38
Мыңаралдағы қос шоқы	39
Сені қойып биікке сүйсінемін	40
Сен айтсын деп бірінші жарасуын	41
Бұл не деген мықтылық	42
Суретімді аймалап	43
Өтілемін	44
Қимаймын	46
Қызғаныш та жоқ емес	47

Мен саған гүл ұсындым	48
Сені ойлап... ..	49
Жол бермексің көтеріп сол бастама	50
Мен сенің шуағыңды сағынамын	51
Халың қалай, жаным десей	53
Түсіңе кірсем егер ойда жоқта	54
Әрекетпен жасанды мазалама	55
Өмір мұхит ішінде жүз кемеңің	56
Шіркін-ай, қандай қажет еркіншілік	57
Сөзбенен сылап қоясың	59
Асығыссың, әйтеуір асығыссың	60
Сезімің сел боп кетіп таусылмаса	61
Тегі қатты сағындым дедің бе сен?	63
Сүйгеніңе сәл мысқыл жарағаным	64
Рухым бай боп шаттанып	65
Қуанышы көзімнің сенсің	66
Махаббатсыз ол қандай саналы өмір	67
Шешілсең ғой... ..	68
Шайқалды жағадағы көңіл кеме	69
Күніңді аңсап... ..	70
Мұқағалиша	71
Ерік беріп қоясың еркелетіп	72
Сен өкен деп қаламын	74
Жақсы екен	75
Сол бір жан оралса ғой орны бөлек	76
Соның бәрін салыстырып	77
Оның рас	79
Табам енді қайтіп ем	80
Сағындым сені ғана, сағынғаным	81
Сырымды ұққан	82
Білсең ғой... ..	83
Аялап жеткізейік болашаққа	85
Жаңа жылда жырың болсын	86
Өкініш пен қуаныш	87
Отырдым күтіп	89
Жүрегіңнен айналдым	91
Сағындым	92
Сен де мені сағынасың	93

Сенің атың – ғажап ат	95
Жолыңды тілеп үйдемін	96
Бір қызыққа жетпеуің	97
Естесің	99
Жүргендеймін желкенім бір жығылып	100
Түн түндігін түріп	101
Туған күнің...	102
Өзімшілдік	104
Сенен бір сыр жасыру мүмкін емес	105
Құштарлықты қоймаймын	106
Жасырамын несіне	107
Жүрегіме мақтанамын	108
Ақталамын	109
Уақытым өтті демеймін	110
Саусағың ізі тұрса деп	111
Жиірек сені көргім келеді	113
Сағынғанды сүйемін	116
Бірақ та шарасызбын	117
Өзгермеді сенің тек жан шуағың	119
Шыдамадым, звондадым	122
Мен саған қалғанмын ба бауыр басып	123
Менде жоқ қой жасандылық	125
Жарылып ағымнан сол ақтарылсам	126
Сен бе сен...	127
Маған бақыт...	128
Ботам	129
Сезіміңде қалмасын тек іздері	131
Сүюдің мәнін түсіндім сенен	132
Өмір-өзен	133
Тыныш едім...	134
Кез болдың арай бағым	135
Қалма бірақ сезіміңнен жалығып	136
Амалым көне, амалым	138
Қандайсың	139
Көзімді ашып...	140
Жатырмын үнсіз...	141
Тыныш болсын түніңіз	142
Аруды құттықтау	143

Біз білмейтін...	144
«Әкетем» де...	145
Кершінің қызы	146
Сағыныш	147
Мұң	148
Сағынғанда соғып тұр самал болып	149
Қош енді...	150
Сен екеуіміз бақыттымыз ендеше	155

Төлеуіміз АЗМАТБЕКОВ

СЕІМ ШҰҚАТ

Өлеңдер
(Қызыл кітап)



Қызыл кітап
«Қызыл кітап» жүйесі бойынша
Қызыл кітап
Шығармалар жинағы – 10 б. 101 бет
Тиражы 30 дана
Басты 21.02.02 ж. қолма

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ

СЕЗІМ ШУАҚТАРЫ

Өлеңдер

(Қазақ тілінде)

Редакторы: Серік САҒЫНТАЙ,
Көркемдеуші: Әлихан АЙБАТҰЛЫ.

«Қасым» журналының дизайн орталығы.

Қаріп түрі: Mrgk_Is

Шартты баспа табағы: – 10 б/т. 162 бет.

Таралымы 20 дана.

Басуға 21.10.2023 қол қойылды.

